

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ

Рахимбаева Г.К., Исакова Ж.М.

ТҰРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ

(оқу құралы)

Нұр-Сұлтан, 2019

ӘОЖ 821.0(073.8)

КБЖ 83.3 я73

Пікір жазғандар:

Әлімхан А.Ә. – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к.

Дүсіпбаева Қ.С.– Қазақ гуманитарлық заң университетінің доценті, ф.ғ.к.

Нұрланова Ә.Н. – Қазақстан-Америка Еркін университетінің доценті, ф.ғ.к.

Маретбаева М.Ә.- «Тұран-Астана» университетінің доценті, ф.ғ.к.

Рахимбаева Г.К., Искакова Ж.М.

P 24 Түркі халықтарының әдебиеті: оқу құралы/Рахимбаева Г.К., Искакова Ж.М. Нұр-Сұлтан:«Тұран-Астана» университеті, 2019.- 116 б.

ISBN 978-601-7871-79-6

Оқу құралында түркі халықтарының әдебиеті бойынша дәрістер жинақталған. Сонымен қатар семинар сабақтарының тақырыптары мен жоспарлары, студенттердің өздік жұмысына арналған тапсырмалар, өзін-өзі бақылау сұрақтары мен тест сұрақтары берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Тарих» мамандықтарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 821.0(073.8)

КБЖ 83.3 я73

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

(27.06.2019 ж. №11 хаттама)

ISBN 978-601-7871-79-6

© Рахимбаева Г.К., Искакова Ж.М., 2019

© «Тұран-Астана» университеті, 2019

М.

Қырғыз әдебиеті	4
Өзбек әдебиеті	12
Татар әдебиеті	25
Түркімен әдебиеті	34
Түрік әдебиеті	42
Ұйғыр әдебиеті	50
Әзірбайжан әдебиеті	55
Башқұрт әдебиеті	65
Семинар сабақтары	79
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	87
Тест сұрақтары	89

ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Түркі тектес өзге халықтар сияқты қырғыз халқы ауыз әдебиетінің де әр алуан жанрдағы үлгілері көп. Қырғыз халық фольклорында аңыз, ертегі, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары, күлдіргі әңгімелер, мысалдар кең орын алады.

Қырғыз ауыз әдебиетінде, әсіресе, батырлық дастандар халық арасында көп тараған. Мәселен, «Құрманбек», «Ер Төстік», «Жаңыл-Мырза» атты батырлық дастандар көпшілікке ертеден мәлім. Сондай-ақ «Олжабай мен Кішімжан», «Кедей», «Қожаш» деп аталатын лиро-эпикалық дастандар бар.

Қырғыз әдебиеті ХІХ ғасырдың орта кезінен бастап белгілі бір дәрежеде дамыды. Дәл осы кезеңде өмір сүрген Қалығұл ақын мен Арыстанбек ақынның «Тар заман», «Ақыр заман» атты ұзақ толғаулары сақталған. Мұнда жергілікті манаптар мен орыс әкімдерінің қыспағына түскен қарапайым халықтың ауыр өмірі тарихи шындық тұрғысынан бейнеленген.

Сондай-ақ Молда Қылыш Шамарқановтың (1866-1917) «Қыз бен жігіт», «Керметау», «Жынды су», «Алдамшы», «Қара Қошқар», «Бүркіт тойы», т.б. өлең-жырлары да халық арасына кең тарағаны мәлім.

Әрине, қырғыз фольклорының шырқау биігі – «Манас» эпосы. Бұл жыр дүниежүзілік әдебиет пен мәдениеттің алтын қорына қырғыз халқының қосқан елеулі үлесі деуге болады.

«Манас» эпосын ауыз әдебиеті шеберлерінің бір емес, көптеген ұрпағы жасағанын ескерген жөн. Мұнда батыр Манас басқарған жеңімпаз, ақылды, ер жүрек қырғыз батырларының сыртқы жауға қарсы жорықтары баяндалады.

«Манас» эпосы негізінен үш үлкен бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде халық қаһарманы Манас, екінші бөлімде Манастың баласы Семетай, ал үшінші бөлімде Манастың немересі Рейтекенің өмірі, басынан кешкен қызықты оқиғалары, адамгершілік қасиеттері, ерлік істері суреттеледі.

«Манас» эпосының сюжеті аса күрделі, шым-шытырман оқиғаларға бай болып келеді. Бұл эпос көптеген дастандарды қамтиды. Оларда достық, отансүйгіштік, ерлік, ел қорғау идеялары көтерілген. Манастың қалмақ ханы жіберген Албасты Қожарт алып, Кучку, Жолай сияқты палуандарды жеңіп шығуы, түрлі өлкелерден ізгі ниетпен келген Ажыбай, Шумақ, Сырғақ, Серек және Алмамбет сияқты батырлармен достасып, халықты ауған және қалмақ хандарының зұлымдығынан азат етуі зор шеберлікпен баяндалады.

Қазақтың белгілі ғалымы Шоқан Уалиханов ХІХ ғасырдың екінші жартысында «Манас» жырының жекеленген үзінділерін («Көкетай ханның

өлімі және оған берілген ас») жазып алып, оны орыс тіліне аудару арқылы қырғыз елінің ғажайып әдеби мұрасын басқа елдерге, Еуропа ғалымдарына тұңғыш рет таныстырды.

«Манас» жырының Шоқан Уалиханов жазып алған нұсқасы соңғы кезге дейін ғылымға белгісіз болып келген еді. Академик Ә.Марғұлан ұзақ жылдар бойы сарыла іздеп, архив қазыналарынан «Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқасын тапты әрі ол туралы ғылыми еңбек жазды.

«Манас» эпосы көптеген тілдерге тәржімаланған. Ол қазақ тіліне де аударылып, төрт кітап болып жарық көрді.

Қырғыз халқының әдебиет тарихында халық ақыны Тоқтағұл Сатылғановтың алатын орны ерекше зор деуге болады. Тоқтағұл өзі өмір сүрген дәуірдегі (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезі) қырғыз елінің қоғамдық, әлеуметтік, саяси өміріндегі көптеген мәселелерді өз жырларына өзек етті.

Төбесінен төнген ажалдан да тайсалмай, қашанда әділдікке жүгінетін Тоқтағұл ақынды кезінде қырғыз манаптары ит жеккенге – Сібірге айдатып жібереді. Әйтсе де, қараңғы қапас, қолындағы кісен, аяқтағы шынжыр қырғыз халқының өжет ақынын жасыта алмады.

Ерлік пен өрлікті, қайсарлық пен өжеттікті өз толғауларына өзек еткен қырғыз ақыны Тоқтағұл жырлары қазақтың жалынды ақыны Махамбет өлеңдерімен үндес, сарындас болып келеді. Махамбет ежелгі жауы Баймағамбет сұлтанға:

...Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім.
Туырлығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім, -

десе, Тоқтағұл:

Төрені төрем демеспін,
Төбемнен басып ұрса да,
Арқан салып мойныма,
Қара дарын құрса да,
Қайран тілім жаңылмайды,
Патшаң қарап тұрса да.
Қайыспаймын шындыққа
Қаптатып дария бұрса да.
Бегінді бегім демеспін,
Бешенемде тұрса да.
Бас имеймін өлгенше,
Бетімді тіліп ұрса да, - дейді.

Тоқтағұл ақын қырғыз бен қазақ халықтарының сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан достығын нақтылы түрде, тарихи деректерге сүйене отырып, мейлінше шеберлікпен жырлайды:

Ел едік біз ежелден
Қазақ, қырғыз бір туған.
Туысқан елді қасқырлар
Бір-біріне қас қылған...

Тоқтағұл – қырғыз халық ауыз әдебиетінен сусындап өскен ақын. Ақын поэзиясының бір ерекшелігі – мұнда еспе қайталау, әсіресе, дыбыс қайталауы (ассонанс, диссенанс, аллитерация, т.б.) жиі ұшырайды. Ал, мұның өзі Тоқтағұл өлеңдерін құлаққа жағымды, көңілге қонымды етеді.

Тұйғын едім қағынған,
Тұлпар едім шабынған.
Кетіп барам айдалып,
Аяққа кісен салынған.
...Азабын тартып тұтқындық,
Аша алмадым көңілді.
Ақ таңдай едім сайраған,
Адам білмейді жөнімді.

Тоқтағұл ақын қырғыз елінің сан ғасырлық шежіре-тарихын, ерлік, елдік салтын, арманы мен мұңын, т.б. зор шеберлікпен жырлады.

Қырғыз халық ауыз әдебиетінің шырқау биігі – «Манас» эпосы. Мұнда Манас басқарған ер жүрек қырғыз батырларының сыртқы жауға қарсы жорықтары баяндалады.

Қырғыз жазба әдебиетінің ең белді өкілі – Ш.Айтматов. Ш.Айтматовтың шығармашылық лабораториясының шыны мен сыры оның өмірінің шындықтарынан, көргендері мен көңіліне түйгендерінен бастау алады. Сондықтан да жазушының шығармашылық лабораториясында, шығармаларының жазылу процесінде оның өз өмірбаянының шындықтары маңызды қызмет атқарады. Сондықтан суреткердің өмір жолы мен шығармашылығын тығыз бірлікте қарастырудың мәні жоғары. Автор бала кезінде өмірді жарқын, ырысты жағынан көрген болса, соғыс кезінде оның қатал шындықтарын таниды. Халықтың азап пен тозаққа белшесінен малынып тұрса да, жаманшылық алдында жасымай, небір қиындықтарды қыңқ демей көтеріп, хас батырша қайрат қылған қаһармандығын көріп, біледі. Осының бәрі кейінірек жазушының «Бетпе-бет», «Құс жолы», «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің» шығармаларында көрініс тапты. Оның көпшілік шығармаларында ауыл өмірі, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі кезең шындықтары, қарапайым еңбек, шаруашылық адамдарының өмірі суреттелген. Ш.Айтматов ауылда өсіп, соғыстың ауыр жылдарында және

одан кейінгі қиын кезеңде еңбек етті, азамат ретінде қалыптасты. Сондықтан ол шығармаларында өз өмірінің шындықтарына сүйенеді. Ш.Айтматов – өмірден өткергені мен сезініп-түйгендерінің жазушысы. Оның шығармашылық таңдауы – өз көкірегінде көптен сақталып, қордаланып жиналған әсерлердің негізінде жазу. Тақырып, идея, образ – бәрі де осы негізден бастау алады. Бұл жазушының шығармашылық лабораториясында біртұтас жүйе ретінде қалыптасқан. Уақыт өткен сайын қаламгер шығармашылық еңбек үстінде естелікке, өмірбаяндық шындықтарға үңіліп отырады.

«Қош, Гүлсарыдағы» Танабай бейнесінің түп негізі – Кеңес (Ибраим) деп айтуымызға болады. Танабайдың Кеңес өкіметін орнату жолында қиыншылықты бірге тартқан, тәркілеу кезінде орта шаруалы жағдайда болған ағасы Құлбекті де айдатып жіберуі, қызуқандылығы, кеңес өкіметі үшін көзсіз берілгендігі, досы Шораны да «иің жұмсақ» деп жазғыруы, бірбеткейлігі, туралығы, өкімет тәртібін сақтауда, халық игілігін қорғауда кейде шектен шығып кетуі жазушының естелігінде ерекше сипатталатын Кеңесті (Ибраим) елестетеді, еске түсіреді. Кеңестің (Ибраимның) жазушы шығармашылығына әсері болғаны даусыз. Әрине, Танабай – типтік тұлға. Оның бойында Кеңестің де, басқалардың да бойында болған белгілер кездеседі. Бірақ оның басты сұлбасы, негізі Кеңес тұлғасымен тектес.

Ал «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повесінде «Владимир Сангиге» деп арнайы көрсетілген. Бұл арнау жазушының өзінің қаламдас досына деген сүйіспеншілігін, құрметін ғана емес, шығарманың ой-өзегінің қайнар көзін де ашып білуге мүмкіндік береді. Шығарманың тууына негіз болатын өзгенің жанама ықпалы болсын, қандай өмірлік материал болсын - олар шығарма жүйесінде тек жазушының көркемдік ойлау процесінде саралап, жинақтай білуі негізінде ғана өзіндік құндылыққа ие болады. Ш.Айтматов өз шығармасында мұны ғажап жүзеге асырған.

«Жәмила» повесінің алғашқы аты «Әуен» болған. Шығармаға негіз болған оқиға туралы жазушының баяндауы өте қызықты. Жазушының өз естелігі мен көркем шығармаларындағы оқиғаларды салыстырап қарасақ, осы повестегі жалпы сюжет қана емес, жекелеген оқиғалар да жазушының өмірден көрген, әсерін өз басынан өткерген шындық құбылыстар тобынан алынғанын көреміз. Бұл повесінде суреткер соғыс жылдарындағы қиыншылықты көрсеткісі келгені мәлім. Бидайды қаптап, траппен көтеретін қабылдау пунктіндегі жұмыстар, арбамен дән тасыған жолдар – бәрі-бәрі де жазушының жас шағында көзімен көрген, басынан өткерген жағдайлары.

Суреткер барлық шығармаларының оқиғалық өзегін өз өмірінің шындықтарынан ала бермейтіні белгілі. Ш.Айтматовтың осындай өзгешелеу жолмен туған повесі – «Шынарым менің, шырайлым менің». Шығарманы талдау негізінде бұл туынды қаламгердің өмір құбылыстарының айрықша бір түрімен бетпе-бет ұшырасуынан алған

әсерінен туғандығын тұжырымдаймыз. Повесте қиын асулардың азабы, шофердің, жол шеберлерінің ауыр еңбегі бірлікте бейнеленген.

«Ақ кеме» повесінің ой-өзегінің қалай пайда болғаны туралы дәл деректі жазушының баяндауларынан таба аламыз. Повестен көркем берілген табиғат суреттері автордың туған жерінің алуан түрлі көрінісінен алынған. Повесте баланың әркез өзінше сөйлесіп, сырласып, ойнап жүретін түрлі мүсіндегі тастары – жазушының балалық шағын өткізген жерлердің ескерткіштері. Жазушы солардың бәрін жандандырып, сезімге бөлеп суреттейді.

Ш.Айтматов шығармаларының әрқайсысының өзіне ғана тән жазылу тарихы бар. Бұл ерекшелік әр шығарманың тақырыбына, ой өзегіне сай анықталады. Сонымен қатар, автордың шығармаларының бәріне ортақ факторлар бар. Мұндай факторлар қаламгердің жеке өмірінің шындықтарына, өмірден көргендері мен білгендеріне негізделеді.

«Боранды бекет» романының ой-өзегі пайда болғанда қайта сәулеленген «Мәңгүрт» хикаясын жазушы роман жазарда түбегейлі қолға алады. «Мәңгүрт» термині дауына байланысты қаламгердің өзінің баяндауына тоқтаған дұрыс. «Боранды бекет» романындағы «Мәңгүртизм» терминінің әлемдік деңгейге көтерілу себебі оның жазушы шығармасында игерілу, көркемдік шешімге ие болу ерекшелігіне байланысты. Өйткені Ш.Айтматов версиясы – «адамзат» басындағы талайлы тағдыр, құлақкесті құлдықтың трагедиясы...».

«Қош, Гүлсары», «Боранды Бекет», «Кассандра таңбасы» шығармаларында оқырманға ерекше әсер қалдыратын, ғажайып суреттелген оқиғалар да, жазушы өмірбаянындағы ең ұмытылмас сәулелі сәттері де автордың шығармашылық қиялының сұрыптауынан өтіп, мардымсыз белгілерінен тазарады, ақырында көркем әдебиеттің дара ерекшеліктерін түзетін факторларға айналады. Суреткер өз туындыларында кейіпкердің ішкі сезімін, ой жарылысын, аффектісін тереңнен ашып, шынайы суреттейді.

Шығармашылық қиялдың нақтылы өмір фактілеріне сәйкес келе бермейтін, бірақ ақыл мен интуицияның көрсетуімен ашатын өз шындығы болады. «Кассандра таңбасы» романында ғалым Филофей шарананың қарсылық белгісін ғарыштан зондаж сәулелер жіберу арқылы анықтап, оған «Кассандра таңбасы» деп ат береді. Бұл XX ғасырдың ойға келсе де, ақылға сыймастай оқиғасы еді. Ш.Айтматовтың романын да, өзін де әлем жұртшылығы әртүрлі қабылдады. Бірақ Ш.Айтматовтың романында көтерілген мәселелер, суреттелген оқиғалар сыры әр қырынан, әр түрлі деңгейде ашыла түсуде. Жасанды жолмен дүниеге бала әкелу, терроризм, расизм, спид, т.б. ұғымдары бүгінгі күні ғаламның үлкен проблемасына айналып отыр. Елбасымыз Н.Назарбаевтың еңбегінде санамаланып көрсетілген осы мәселелер Ш.Айтматовтың «Кассандра таңбасы» романында ерекше көркемдік таныммен таразыланған. Шығармашылық еңбек заңдылықтары тұрғысынан алғанда, бұл Ш.Айтматовтың

суреткерлік көрегендігін, алысты бұрын болжап-бағамдай алатын шығармашылық кемеңгерлігін танытады.

«Кассандра таңбасы» романында ғалым кейіпкер өзінің тағдыры жасанды жолмен әкелген адамдарының тағдырымен ұқсас екендігін біледі. Яғни жазушы бұл романында да "тексіздіктің қандай апат әкелетінін" бұрынғыдан кең суреттеп, мәнін тереңдетіп, адамзатқа ескерту айтып отыр. Осындай маңызды ойды көтеріп, шығарманың сюжетін құруда үлкен қызмет етіп тұрған «жасанды жолмен адам әкелу» оқиғасы – бүгінгі заман шындығымен бетпе-бет келгенде туған суреткерлік қиял нәтижесі. Сөйте тұра мұның негізінде өмірдің шындық құбылыстары жатқаны да анық. Ал өмір шындығының игерілуіндегі автордың идеясынан туындайтын басты көркемдік шешім – табиғат заңына қиянат жасамау. Шындықты игерудегі жазушылық тұрғы табитаттың тепе-теңдігіне, үйлесіміне жасанды жолмен ықпал етуге болмайтыны туралы, табиғаттың заңдылықтарын сақтау мен қорғау туралы ақиқаттан бастау алады.

Жазушы «Кассандра таңбасы» романында бүгінгі күннің ғылыми-техникалық, технологиялық жетістіктерін жинақтап шебер пайдалана білген. Ш.Айтматов шығармаларының көркемдік идеялық жүйесінде халық творчествосы үлгілерімен қатар этнография, археология, тарих салаларындағы материалдардың атқаратын рөлі жоғары. Жалпы, жазушының өмір шындығынан өнер туындысын жасау жолындағы ізденістері мен жетістіктері оның өмір құбылыстарын жинақтаудағы суреткерлік нысанасы мен биік мұратына негізделеді. Қаламгер еңбегіне тән шығармашылық процесс үздіксіздігімен сипатталады. Жазушы жазудан тыс тұрғанда да бұл процесс тоқтамайды. Өйткені жазушының шығармашылық еңбек процесі мен шығармашылық ойлау процесі өзара бір-бірімен тығыз бірлікте.

«Жанпида» романы оқырман көкірегінде небір андыздаған әр алуан сауалдар мен проблемаларға өзінше әрі кесімді, әрі нақты жауап береді. Ол – тарих тәжірибесінен, сыннан өткен бірден-бір оптимистік дәл жауап. Жоғарыдағы үміт-күдігі ситуацияға сәйкес ауытқып, белең алып кететін мәңгілік сауалдардың қай-қайсысы болмасын, не ықылым заманнан бері адамзат баласының ой-пиғылына, іс-әрекетіне, әлеуметтік-рухани кемелдігіне, күрескерлік пафосының дәйектілігіне әрқашан тәуелді болып келгендігін суреткер көркемдік-философиялық тұрғыдан тағы бір тамаша дәлелдеген. Бұған үш бөлімді романның көркемдік-философиялық тініндегі сюжеттік линиялар, идеялар мен көзқарастар қақтығысы, образдар құрылымындағы трагедиялық, эпикалық сарындар әрі айғақ, әрі толық куә болады.

Ш.Айтматов шығармаларында адам образдарымен егіз өрілетін көптеген жан-жануарлар (анималистикалық) бейнелері бар. Едіге мен Қаранар, Гүлсары мен Танабай, Ақбара мен Авдий бейнелері егіздеу тәсілінің аясында жазушының ең бір асыл ойларын тереңдете түсуде айрықша мәнді болып табылады. Ал шығармашылық лаборатория

тұрғысынан сөз еткенде, анималистикалық образдар жазушының ірі психолог және табиғаттың тамаша білгірі екендігін көрсетеді. Жастайынан табиғатпен егіз өмір сүрген жазушы еңбектің, тұрмыстың, өмірдің жаңа жағдайында адамның өзінің табиғи және тамаша адамдық қасиеттерінен айырылып қалмауы, жан дүниесінің жарқын, ізгілікті болып қала беруі аса маңызды екендігін суреткерлік концепция деңгейіне көтеріп суреттейді.

Ш.Айтматовтың «Жанпида» романының көркемдік-философиялық күретамырына – жалпыадамзаттық мәңгілік проблемалар нақты контексте, нақты ситуацияларда арқау болған. Оның ішінде адам өмірінің мәні мен мұраты, яғни тіршіліктің тірегі басты тұтқасы болып отырған адамдардың қоғам мен дінге деген көзқарастары, ой-пиғылдары, іс-әрекеттері немесе пендешілік, тоғышарлық, эгоистік дерттері қаны сорғалаған шыншыл қалпында кесек бітім, айрықша көркемдік-философиялық ажар танытқан. Романды оқып отырып, жоғарыдағыдай мәңгілік проблемаларды дәуір талабына сай тұрғыда қайыспас қара нардай көтере алған ірі азаматтық суреткерлік позиция мен көркемдік ерліктің әрі ашық, әрі өткір, әрі батыл сипатын, реалистік биік сапаға ие болған тың жинақтаулардың, Авдий Калистратов пен Бостон Үркіншиев тәрізді жаңа нышандағы ұнамды қаһармандардың тұлғасы мен іс-әрекеттерінің куәсі боламыз.

Жазушының үлкен эпостағы шеберлігі эпикалық кең құлашы мен лирикалық сыршылдығының терең ұштасып, келісті тұтасуында. Халық әдебиетіне тән эпикалық ойлау мен лирикалық толғану қаламгердің көркем шығарма жасау жолындағы шығармашылық еңбегінің барлық сатыларына тән.

«Жан пида» – кең ауқымды проблематикасымен де, қамтитын мерзім- мекенімен де, әртүрлі әуен шерттетін шытырман оқиғалармен де біздің әдебиетімізде әзірше теңдесі жоқ шығарма. Біздіңше, ол жанр жаратылыс жағынан роман-толғау, роман-өсиет. Алда күтіп тұрған қиямет-қайым қауіп-кәтерді ескертіп, адамзат пен жер, адам мен табиғатты сақтап қалу жолындағы асқаралы мақсат-мүдделерді межелетеді. Рас, қай заманда да зорлық-зомбылық пен кәтігездік, қиянат пен зауал, зұлымдық пен озбырлық ешкімердей өң-түсін өзгертіп, тамыр жайып келген. Обал мен сауап, рақым мен имангершілік ескеріле бермеген. Романдағы қанішер мен құрбан, азамат пен пенде арасындағы қақтығыс, ой мен сөз таласы ауыл ішінде күнде болып тұратын абың-күбің әңгіме емес. Ол – өмір мен өлім, ұлы ұғым, өлмес рух үшін жүріп жататын мәңгі майдан, қиян-кескі күрес! Түптеп келгенде, ұшан-теңіз қазақ даласының бір пұшпағы Мойынқұм жынысында өткен сұмдық жантүршігерлік трагедия ғаламдық деңгейге көтеріліп жатқан жоқ па? Өйткені қасірет құрығы екі аяқты түгіл ұшқан құс, жүгірген аңды құтқармай, темір құрсауына алады. Жұмыр басты өзекті жандармен бірге «кіші бауырларымыз» Гүлсары, Қаранар, Сарала, Ақ мая. Тасшайнар мен Ақ Құртқалар да зардап шегеді. Әртүрлі себеп-салдармен сүттей ұйып отырған ел-жұрттың береке-тынышы кетіп, қара орман тұрмыс-тіршілігіне күбірткідей тиген әкімшілдік-әміршілдік

басқару көп жылдар бойы еңбегін емген шаруаның қолын байлап кезді. Соның кесірінен жердің нағыз қожалары оған жанашырлық құқынан айырылып, өз-өзін азық-түлікпен қамтамасыз етуден қалды. Маңдайына тиіп, күйгендіктен қазақ «малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген болса керек.

Сөз жоқ, Ш.Айтматов – қайталанбайтын, ғажап құбылыс. Ол классиктеріміздің бірі, дұрысы бірегейі. Алмағайып дәуірде қырғыз жазушысының ұлттардың рухани өрлеуіне (театр, кино) зор ықпал етін отырғаны мақтаныш. «Жәмиладан» бастап «Жан пида» дейін ең алғашқылардың қатарында қазақ тіліне жақсы тәржімаланғаны (аудармашылар Қ.Нұрмаханов, Қ.Мұхаметжанов, Ш.Мұртаза, С.Бердіқұлов, т.б.) халықтың рухани игілігіне, жан серігіне айналып келе жатқаны қандай ғанибет.



ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІ

Өзбек әдебиетінің ежелгі дәуірлерден басталатын ұзақ та қызықты тарихы бар. Әсіресе, халық ауыз әдебиеті мейлінше бай әрі түрлі жанрлы болып келеді.

Ауыз әдебиетінде өзбек халқының тұрмыс-салтына байланысты жырлар – наурыз өлеңдері, бесік жыры, үйлену салтына, көктемде егін салу, күзде егін жинау мерекелеріне байланысты айтылатын өлеңдер, сондай-ақ мақал-мәтелдер, ертегілер, лиро-эпостық және батырлар жыры кең орын алған.

Орта Азия мен Қазақстанды мекен еткен басқа да түркі тектес халықтар әдебиетінде де кездесетін батырлық эпостардың ерлік бейнелері өзбек фольклорында жеке-жеке дастан түрінде жырланған. Олар: біздің эрамызға дейінгі VI ғасырда Орта Азия халықтарының шетел басқыншыларына қарсы күресін басқарған, әйелдер арасынан шыққан қолбасшы Томарис туралы «Томарис» дастаны, Дари I (521-485 ж.) патшаның әскерін барса келмес шөлде адастырып жіберіп, өз елін басқыншылардан қорғап қалған қойшы жігіт Шырақтың ғажайып ерлігін жырлаған «Шырақ» эпосы, ерлік пен махаббат тақырыбына арналған «Зарина» және «Стрпангия» дастаны, т.б.

Өзбек әдебиеттану ғылымы халық дастандарын: ерлік дастандары («Алпамыс»), соғыс дастандары («Шәмшид-наме», «Жүсіп пен Ахмет», «Әлібек пен Бәлібек», т.б.), тарихи дастандар («Тулум-бий», «Шайбани хан», «Маматкарим палуан», «Жизақ көтерілісі», т.б.), романтикалық дастандар («Рустамхан», «Күнтуғмиш», «Арзыгүл», «Ералы мен Шералы», т.б.), кітаби дастандар («Уарақа мен Гүлшах», «Уамиқ пен Узро», «Тахир мен Зухра», «Малика Дилорам» т.б.) деп жіктеп қарастырады.

Өзбек халқының жазба әдебиеті XV ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Гауаи, Атаи Саккаки, Дурбек, Хайдар Хорезми, Иусуф Амири, Ахмади ғазалдарынан бастау алады.

Өз дәуірінің атақты шайырлары Ахмадидің «Музыка аспаптарының айтысы», Амиридің «Бәңги мен Шарап айтысы», Лутфидің «Гүл мен Наурыз» дастаны өзбек әдебиетінің қалыптасуына да ерекше зор рөл атқарғанын кезінде Әлішер Науаи атап көрсеткен болатын.

Өзбек көркем сөз өнерінің әлемдік әдебиет аренасынан тиісті орнын алуға Лутфидің ұстаздан озған шәкірті Әлішер Науаи мол үлес қосқаны мәлім.

Міне, осы ұлы Науаи бастаған игі дәстүрді XVI ғасырда жалғастырушы Захир ад-уин Мұхаммед Бабыр болды.

Өзбек әдебиетінің алтын қорына XVII-XIX ғасырларда өмір сүрген Хорезми (1778-1829), Агаки (1809-1874), Надира (1791-1842), Увайси (1780-1850), Мұқими (1850-1903), Фуркат (1853-1909), Дилшад (1800-1905), т.б. ақындар қыруар үлес қосты.

Солардың ішінде, әсіресе, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, өз ғазалдарын ағартушылық бағытта жазған Мұқими (Мұхаммад Алиходжа), Фуркат (Зәкіржан Халмухамедов) сияқты ақындар өзбек әдебиетіне жаңа леп ала келген еді.

Қазақтың ұлы ақыны Абай медреседе оқып жүрген кезде жазған тырнақалды өлеңдерінің бірінде Шығыстың әйгілі ақындарымен қатар өзбек әдебиетінің классигі Әлішер Науаи есімін де ардақтап ауызға алады. Жас ақынның озық ойлы санаткер шайырларды ұстаз тұтқаны көрінеді. Оған ой-пікірі, мұрат-мүддесі ғана емес, тілі де жақын Әлішер Науаи айрықша әсер еткен: «Жас шағында Фирдоуси, Сағди, Хожа Хафиз тәрізді ұлы классиктердің ескі өзбек тіліне аударылып, Абайға сол аударма арқылы таныс болуы көңілге қонымдырақ көрінеді» .

Орта ғасырларда Шығыстың ірі шайырлары түркі тілін қораш санап, шығармаларын араб, парсы тілдерінде жазған. Науаи оған қарсы шығып, ана тілінің абыройы үшін күресті. Тұңғыш рет өз ұлтының тілінде шығарма жазды. Қазақ тілінің тазалығын сақтауға күш салған Абайға бұл қатты ұнады. Алғашқы өлеңдерінде («Иузи – рәушан, көзі – гәуһар...», «Фзули, Шәмси, Сәйхали...», «Әлифби») араб, парсы сөздерін жиірек араластырған ақын кейін одан біржола қол үзді. Науаи ғазалдарына еліктеп ғашықтық өлеңдер жазды. Науаи: «Таңғажайып перизатым, Нұр жүзінде қап-қара мең. Ақ қағазға жазған хатқа Қоя қойған ноқатпен тең» десе, Абай: «Мәт - қасың, тәштит - кірпік, секін - көзің» немесе «Кішкене қара қасы сызып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды» дейді. Өлең тармағының буын саны көп, аз болып келетін «аруз» өлшемін қолдануда Науаи әсері байқалады («Сен мені не етесің?..»). Абайдың философиялық өсиет-ғазалдарынан да, надандықты, озбырлықты шенеген сын-сықақ өлеңдерінен де Науаи сарынын аңғаруға болады. Оның «Хайратул - аброр» дастанындағы дінге сенумен қатар адамның құдіреттілігі, өз бақыты үшін күресі, қара басы емес, халықтың қамын ойлау парызы, оқу-білім, еңбек, махаббат жайындағы ұғымдары Абай шығармаларының идеясымен сабақтас. Низами, Науаи дастандары арқылы қазақ арасына аңыз боп тараған Ескендір Зұлқарнайын бейнесі қызықтырған ақын осы сюжетке белгілі поэмасын жазды. Баласы Ақылбайға Науаидың «Сабғай сайера» («Хамсаның» төртінші дастаны «Жеті көзбе») желісімен «Жаррақ» хикаясын жаздырды. Абай қадір тұтқан ұлы ойшылдардың бірі өзбек классикалық әдебиетінің ірі өкілі Захириддин Мұхаммед Бабыр. Ол «Бабырнаманы» оқып, жоғары бағалаған («Біреп сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»). Осы қарасөзінде «біз әуелден өзбек жұртымен аталас

едік» деп, «Сарт – садағам, өзбек – өз ағам» деген аталы сөздің мән-мағынасын екі халықтың тарихи тұтастығымен түсіндіреді.

Абай өлеңдері өзбек тіліне 1920 жылдан аударыла бастады. «Инқилаб» («Революция») журналында (1922, N2 3) «Адамның кейбір кездері» ғазалы жарық көрді. «Таңдамалы» өлеңдер жинағы үш рет (1925, 1961, 1970) жарияланды. Қарасөздері 1975 жылы жеке кітап болып басылды. Абай шығармаларын аударуға Ғафур Ғулям, Міртемір, Ұйғун, Турап Төле, Нәсір Фазыл т. б. көрнекті өзбек қаламгерлері атсалысты. Міртөмір «Абай ата» деген арнау өлеңінде қазақтың ұлы перзентіне деген өзбек халқының ілтипатын паш етті. Ақынның туғанына 100, 125 жыл толуы Ташкентте салтанатпен атап өтілді. Республикалық баспасөзде мерекелік мақалалар, зерттеу-очерктер жарияланды. Абайды өзбек халқына танытуда М. Әуезов шығармаларының да мәні зор болды. «Абай жолы» кітабы 1950-60 ж. өзбек тілінде басылып шықты (аударған Зұмрад), «Абай» трагедиясы (аударған Иззат Сұлтан) сахнада қойылды. Абай атында Ташкентте көше, республика аудандарында мектептер бар.

Әлішер Науаи (1441-1501)

Әлішер Науаи – өзбек халқының ұлы ақыны, данышпан ойшылы. Науаи есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында Гомер мен Данте, Рудаки мен Фирдауси, Низами мен Шота Руставели, Сағди мен Жәми, Шекспир мен Бальзак, Пушкин мен Толстой сияқты ұлы сөз зергерлерінің есімдерімен қатар тұрады.

Науаи есімі – ұлы гуманист, кемеңгер мемлекет қайраткері, өзбек әдеби тілінің негізін қалаушы сөз зергері, өзбек классик әдебиетін бұрын-сонды болмаған биік дәрежеге көтерген ақын ретінде әлемге мәшһүр.

Науаи он-он екі жасында-ақ ғажайып лирикалық жырлар жаза бастайды. Ол кезде Шығыс шайырларының барлығы дерлік өз жырларын парсы тілінде жазатын болған. Орта Азиялық түркі тілі, яғни, ескі өзбек тілі (оны шағатай тілі деп те атайды) поэзиялық шығармалар жазуға жарамсыз тіл деп саналып келген еді.

Әлішер Науаи түркі тілі жөніндегі осы ұшқары пікірді тұңғыш рет теріске шығарды. Ол түркі халықтарынан шыққан ақындар ішінде бірінші болып түркі тілінде ғажайып өлеңдер жазды. Науаи ешқашан «өзбек» деген сөзді қолданбайды, ол өзі ғазалдарымды «түрікше жаздым» дейді.

Науаи өз дәуірінің әдеби дәстүрі бойынша бірқатар өлеңдерін парсы тілінде де жазған. Сол себепті оның «Зуллisonайн» (екі тілдің иесі) деген

есімі мәшһүр болған. Ақын өзінің түркі тілінде жазған өлеңдеріне «Науаи», ал парсы тілінде жазған жырларына «Фани» деп қол қоятын болған.

Науаи түркі тілі әдеби тіл бола алатынын іс жүзінде дәлелдеу үшін, ескі өзбек тілінде көлемді еңбектер жазған. Ол өте қысқа мерзімде, небәрі екі жыл ішінде (1483-1485 ж.) «Хамса» («Бес кітап») тобына жататын «Хайратул-аброр» («Жақсылардың таңдануы»), «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Сабай сайяр» («Жеті әлем»), «Садди Искандарий» («Ескендір қорғаны») дастандарын жазды.

Низами, Дехлеви, Жәми сияқты шығыстың ұлы шайырлары өз «Хамса» кітаптарын араб яки парсы тілінде жазған еді. Ал, Науаидың әлемді таңдандырған жаңалығы – ол өз «Хамсасын» түркі-шағатай тілінде жазды. Сөйтіп, Науаи тарихта тұңғыш рет түркі тілінде көркемдік дәрежесі мейлінше жоғары шығармалар жазуға болатынын дәлелдеп шықты.

1488-1501 жылдар аралығы Науаи үшін аса жемісті еңбек жылдары болды. Бұл кезеңде ақын өзінің әдеби, саяси-қоғамдық, философиялық, лингвистикалық мәні зор еңбектерін оқырманға ұсынды. Олар: «Ажәм патшаларының тарихы» (1488 ж.) «Саид Хасан Ардашердің өмірі» (1489 ж.), «Мажолисүн-Насроис» («Тамашалардың жинағы», 1491 ж.). Осы соңғы еңбегінде Науаи өзінен бұрын өмір сүрген және өз замандастары болған 450 ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында көптеген деректер береді әрі олардың өлеңдерінен үзінділер келтіріп отырады.

Сондай-ақ Науаи өлең құрылысы, аруз уәзіні туралы «Мезонул-авзон» («Өлең өлшемі», 1492 ж.) деп аталатын әдеби-теориялық мәні зор еңбегін жазды.

Бұдан кейін ақын дидактикалық-философиялық бағыттағы «Құстар тілі», «Көңілдердің сүйгені», лингвистикалық («Екі тілдің таласы»), діни ұғымдар мен әдет-ғұрып туралы («Пайғамбарлар мен әкімдердің тарихы», «Мұсылмандардың нұры», «Гауһарлар шоғыры») сияқты ғажайып туындыларын өмірге әкелді. Бұлардың ішінде, әсіресе, «Екі тілдің таласы» атты еңбегі Науаидың түркі тілі саласы бойынша ғалым ретінде ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеуінің жемісі еді.

Әлішер Науаиды лирик ақын ретінде есімін әлемге мәшһүр еткен кітабы – «Хазоинул маони» («Ойлар қазынасы») атты өлеңдер жинағы. Бұл жинаққа енген өлеңдерін ақын шартты түрде төртке бөліп берген. Сол себепті бұл еңбегі «Чар диуан» («Төрт кітап») деп те атала береді. Бірінші бөлімі – «Балалық базары», екіншісі – «Жастық жарасымы», үшіншісі – «Орта жастың қызығы», төртіншісі – «Қарияның пайдалы кеңестері» деп аталады.

Әлішер Науаидың ең үздік шығармалары бес дастаннан тұратын «Хамсасы» («Бестік», яғни «Бес кітап») екені мәлім. Ешқашан өз мәнін жоймайтын, қайта ғасырлар өткен сайын, құлпыра түсетін бұл еңбегі туралы ақынның:

Бес кітап – бес қазына асыл маржан,

Көшеді ғасырларға ғасырлардан, -

деп, мақтанышпен айтуға толық хақы бар еді. Міне, Науаи өзінің осы «Хамса» тізбегінің соңын «Ескендір қорғаны» дастанын жазу арқылы түйіндейді.

Бұл дастанның басты қаһарманы Ескендір патшаның прототипі – Александр Македонский (Шығыс елдерінде оны Ескендір Зұлқарнайын деп атаған) екені мәлім. Ол – біздің заманымыздан бұрынғы 356-323 жылдар арасында өмір сүрген ұлы қолбасшы, атақты патша, Македония елінің патшасы II Филипптің баласы. Александр әкесінің тағына отырған соң-ақ, көршілес отырған елдерді жаулап алады. Сосын, 334 жылы, сол кездегі ең күшті мемлекет Персияға қарсы соғыс ашып, Дарий патшаны жеңеді. Ол Египет пен Вавилонды өзіне қаратады. Аз уақыт ішінде Қытай мен Африканы да бағындырады. Александр Македонскийдің жорықтары мен жеңістері сол кездің өзінде-ақ аңызға айналады.

Шығыс поэзиясында Ескендір туралы екі жүзден астам дастан жазылған екен. Солардың ішінде, Фердоуси, Низами, Жәми, Науаи дастандары ерекше оқшауланып тұрады.

Шығыс әдебиеті тарихында осылайша бір тақырыпты әрбір ұрпақтың өз ақыны қайта жырлап, тың дастандар жазатын, жарыса жырлайтын ақындық дәстүрі болған. Оны шығыс шайырлары заңды құбылыс деп тауып, бұл салтты «нәзира» (арабша:«жауап») дәстүрі деп атаған. Кейде оны «татаббу» (парсыша:«жауап») дәстүрі деп те атай береді.

Міне, осылайша бір ақын жазған сюжетке келесі буында тағы бір ақын қайта дастан жазып, өзінен бұрынғы ақындарға "жауап" беретін әдеби дәстүр болған.

Ұлы Абай да бұл дәстүрден тыс қалмай, өзінің «Ескендір» поэмасын жазғаны мәлім. Қазақ ақыны Ескендір тақырыбын өзінше, өзгеше жырлаған деуге болады. Мұнда Ескендір патшаның өзгелерді жаулап алуы, іштарлығы, мансапқорлығы, дүниеге тойымсыздық мінезі баса көрсетілген.

Әділ, ақылды, қайырымды дана патшаны аялау – көркем әдебиет пен фольклордың ежелден келе жатқан аса маңызды тақырыптарының бірі.

Әлішер Науаи өзінің «Ескендір қорғаны» дастанында өзге патшаларға үлгі боларлықтай әділ, ақылды, қайырымды патшаның жинақталған бейнесін жасайды. Ескендірді әділ ел билеуші, білгір қоғам қайраткері, дана философ етіп көрсетеді. Сол арқылы Науаи мемлекетті жан-жақты білімді, ақылды, көреген адам басқаруы керек деген пікір айтады. Ескендірдің сан қырлы, батыл тұлғасын суреттей келіп, Науаи:

Қайратты қара дауыл үйіргендей,
Гүрзісі тасты үгітті диірмендей, - дейді.

Ал, енді Ескендір патшаның қарапайым халыққа деген шексіз қамқорлығын ақын:

Ақ жолдан, әділдіктен ауытқымай,
Апатта қорған болған халыққа ұдай, - деп бейнелейді.

Науаи халық пен патша мүдделері өзара үйлескен шынайы ынтымаққа негізделген қоғамды арман етеді:

Демей ме үйірілер бақ пен даңқ,
Табысса ғашықтардай шах пен халық.

Әмір Темір әулеті тақ пен тәжге, дүние-мүлікке, билік-мансапқа таласып, елдің берекесін қашырып жатқан қилы заманда үлгі етіп тартатындай патша бейнесі қажет болды. Сол себепті ақын өнегелі қаһарманы Ескендір туралы:

Ой асыл, жүрек батыл, ақыл – саңлақ,
Алтындай әр сөзінде жатыр салмақ, - дейді.

Ескендірдің даналығына көзі жеткен елдердің басшылары оған өз еркімен бағынып, оны қуанышпен қарсы алып отырды. Ол осылайша бүкіл әлемді өзіне қаратады.

Ақырында Ескендір әскері күллі адамзатқа апат келтіріп жүрген Яджужд және Маджужд тайпаларынан жергілікті халықты қорғап қалады. Осы тажал күштен елді қорғау үшін, олардың жолына бөгет болатындай қорған салдырады. Халық оны «Ескендір қорғаны» деп атайды.

Өзбек халқының ұлы ақыны, ескі Шығыстың атақты зор ойшысы Әлішердің туғанына 500 жыл толып өтті. Әлішердің шыққан заманы бұның алдында 40-50 жыл бұрын болған Ақсақ Темір патшалығының екі жікке бөлінген кезі еді. Бір бөлігінің саяси, мәдени орталығы Ғират, екіншісінің орталығы Самарқан қаласы болатын. Өз тұсында Алтын Орда, Иран, Кіші Азия, Үндістанмен соғысқан, көп апаттар жасаған Ақсақ Темір бертін келе патшалығын Түркістан, Ауғанстан, Иран, Оңтүстік Кавказдан құрады. Талай жұрттың ескі мәдениетін ойрандап, ел-жұрттын егер қып жүрген кезінде, Ақсақ Темір бар табысын Самарқанға тасыған. Халық үстіне ауыр-ауыр салық салып, Самарқан қаласын салтанатты

сарайлармен, зор ғимараттармен безендірді. Жеңген елдердің көбінен ғимарат салатын ұсталар, оюшы суретшілер, дәрігер, білімпаздар сияқты талай жандарды сол Самарқанға жиды. Темірдің өз тілек-талабы ірі феодалдар мен үлкен саудагер тобының мақсат-мүддесін көздеген болса да, халықтар тарихының кеңірек тілегімен қабысқан білім-өнерді өз бетімен молырақ өндіре бастады.

Сөйтіп, бертін келе Самарқан қаласы көп білгір, шебер өнерпаздардың жиын орталығы болып алды. Ескі грек, рим мәдениеті, үнді, араб, парсы мәдениеттерінің неше алуан салалары Орта Азиядан кеп орын тебуге айналды. Өнер-білім тілі де жалғыз түрік елдерінің тілі боп қалған жоқ. Араб, парсы сияқты бұрын ысылған өскелең тілдер дендей бастады. Оқу-білім жалғыз дін оқуы емес, философия, тарих, көркемөнер, география, есеп ғылымы, тіпті астрономия ғылымы сияқтыларға айналды. Темірдің бір немересі Ұлықбек Самарқанның патшасы болып отырып, астрономия ғылымына көп еңбек етті. Әлі күнге ғылымдық бағасын жоймаған "астрономия таблицасын" жасады. Ғиратта да 15-ғасырдың орта кезі білім-өнердің бірталай өрістеген дәуірі болады. Өнерлі елдердің үлгісіне қол артқан өзбек әдебиеті өз тілінде жаңа сапа таба бастайды. Иран, араб әдебиетінің мәдени әсерін ала отырып алға басады. Лутфи, Атаи, Сәккәки сияқты ақындар бастаған, өзбек тілінің көркем поэзиясы өркендейді. Араб, иран тіліндегі ірі шығармалар аударылады. Сол 15-ғасырдың 70-жылдарында Әлішер араласқан кездерде өзбек әдебиеті қаулап өседі.

Бұл кездер иран әдебиетінің де жемісті болған кезінің бірі еді. Жами, Исмат, Бухари, Хұсаин, Уаиз сияқты сұлу жырдың жыршылары осы заманда пайда болады. Көркемөнер көлемінде де үлкен жаңалыққа жол бастаған музыкашылар шығады. Ірі суретші, өрнекші, миниатюрші және хұсни-хатқа (каллиграфияға) шебер өнерпаздар болады. Бейзад, Сұлтан-Әли, дәруіш Мұхаммед, Мир-Әли Қылқалам сияқты атақты суретшілер болады.

Бұрын барлығы әдебиет пен көркемөнердің дін ноқтасынан босаңқырап, өмірге, күнделік шындыққа қарай жақындай бастағанын көрсетуші еді. Тірлік-барлықты тануда бұл заманның софылық ағымы – нәқшбенділіктің өзі де дүниеден оншалық безіне алмады. Өзге замандарда аса қатал болған дін фанатизмі бұл дәуірде бәсең болады. Осындай бір кезеңде еңбек еткен Әлішер софылық тұсауының босаң болған жағымен пайдаланып қалады. Патшалыққа, дінбасыларына, шарифатқа қарсы беттеген өз жырларын батыл айтады. Шығыс әдебиетінде бұрыннан басымдап келе жатқан софылық ағымы әдебиетті де өмірден алыстатып, құдай жолына мүлгіте беруші еді. Әлішер тұсында адамның ой таланты, өнер еңбегі қоғамдық тірліктің пайдасына арналып, кеңірек өріс алады. Әлішерді шығарған заманның жалпы аңғары осындай еді. Енді сондай дәуірде майданға шығып, адам баласының тарихына ұлы мұралар қалдырған Әлішердің өз өмірі мен ақындығы туралы біраз сөз айтайық.

Әлішер 1441 жылы 13 февральда Ғират қаласында туған. Ата-аналары мен ағайын-туғандары сарай қызметінде жүретін ақсүйектер ішінен шығады. Өз әкесі Ғиясиддин кішкене Әбулқасым Бабирдің сарай қызметкері болып жүріп, біраз уақыт жеке қалаларға әкім де болады. Жас уағында Әлішер сарайдағы бек балаларымен бірге тәрбиеленеді. 1450 жылдарда Қорасанда тұрып, оқу оқиды. Парсы тілі бұл балаларға ана тілімен тең болған. Ерте кезде Сағдиде оқып өседі. Фәриддин Аттардың «Мантхуттаир» (құстар сөзі) деген кітабы Әлішердің аса құмартып оқыған кітабы болады. Бертін, ұлғайып келген кезінде, Әлішер сол балалық шағында үлкен әсер еткен кітапты еске алып, «Лисануттаир» деген кітап шығарған. Ғиясиддин баласының оқу тәрбиесіне қатты зер салады, мықтап оқытады, әсіресе әдебиет пен көркемөнерді сүйгізуге тырысады. Әлішер Қожа Юсиф Бұрхан деген кісіден музыка оқуын оқиды. Хұсни-хатқа (каллиграфияға) машықтанады. Иран әдебиетімен түгел танысады. Заманының ғалымдарын, музыкашыларын, суретшілерін де тегіс біледі. Өз бойында ерте ояңған талант арқылы, жаңағы адамдардың барлығына сүйікті бола бастайды.

1453 жылы Әлішер Қорасан патшасы Әбулқасым Бабирге қызметке кіреді. Жырлар жаза бастайды. Бұл уақыттарда Әлішер жалғыз парсы емес, арабшаға да жетілген болатын. Алғашқы шығармаларын кейде парсы, кейде өзбек тілінде жазады. Парсыша өлеңдерін «Фани» атымен, өзбекшелерін – «Науаи» атымен таратады. Бұл шығармалары замандас жазушы, суретшілер арасында жақсы бағаланады. Әлішерге «зуллисанян» (екі тіл иесі) деген ат беріседі.

1457 жылы Бабир өледі. Әлішер Қорасанның орталығы Мешхед қаласында тұрып қалады да, ғылым жолына беріледі. Осы жылдар философия, есеп ғылымы, дін кітабы сияқтыларды көп зерттейді. Жазушылыққа да анықтап бой ұрады. Бұл кездегі ынтық ақыны Қожа Хафиз Ширази болады. Әлішер өзінен жасы үлкен, тәжірибесі мол ақындармен көп танысып, олармен кездесіп отырады. 1464 жылы Әлішер Ғиратқа қайтады.

Ғираттың ол күндегі патшасы Абусәид болатын. Бұған қарсы, патшалықтағы үшін, Хұсаин Байқара алысып жүретін. Әлішердің екі нағашысы Хұсаин жаққа шыққандықтан, оларды Абусәид өлтірткен еді. Әлішердің өзі де Хұсаинға тілеулес болған. Сол себепті Абусәид Әлішерді сенімсіз көріп, 1465 жылы оны Самарқанға айдады. Самарқанда Әлішер сол заманның үлкен ғалымы Қожа Жалалиддин Абуллаистың медресесінде оқытушы болады. Бір жақтан ақындық жолына беріледі. Тегінде, Әлішердің жас кезінде жазған жырларының қолжазбалары сақталмаған. Бірақ кейбір диуандары (ұсақ өлең жинақтары) сол шақта жазылған болу керек.

1469 жылы, Абусәид өлген соң, Ғират тағына Хұсаин отырады да, Әлішер Ғиратқа қайтады. Әлішер жас балалық шағында (6 жасында) Хұсаинмен бірге оқыған. Ғиратқа келген соң, Хұсаинға арнап «Хилалия»

деген қасида (жыр) жазады. Хұсаин қасиданы ұнатып, Әлішерді сарайға тартады, мөршілік қызметін береді. Осыдан бастап Әлішер саясат жұмысына араласып, халық игілігіне пайдалы адам болмаққа талпынады. Сарайдың патша, уәзір, бектерінен бөлек жол тұтып, аз уақыт ішінде әділ, абыройлы, әсерлі кісінің бірі болып алады.

1470 жылы Хұсаинға қарсы, Астрабадта Ядғар Мұхаммедтің көтерілісі болады. Патша Әлішерді ертіп соғысқа кеткенде, Ғират халқы көтеріліс жасайды. Бұл патшаның әмірлері мен бектеріне қарсы және салық саясатына қарсы шыққан қозғалыс еді. Хұсаин осы жұмыс жөнінде Әлішерді жұмсайды. Әлішер бұлінген елдің ортасына келіп, Хұсаинның бұйрығын білдіреді. Ол бұйрықта халық тілегінің біразына көну және соны іске асыру жолдары айтылған еді. Әлішер жұрт тілегін орындап, халыққа қатты қиянат еткен уәзір, төрелердің бірталайын орнынан түсіріп, қамауға алғызады және бірталай әмір мен бектерді жазаға тартуға патшаның бұйрығын жасатады. Осындайлық елге жаны ашыған істері үшін, Әлішер халық ортасында аса абыройлы, мәлім кісі болады. Бірақ Әлішер сарай қызметінен босанып, жазуға берілмекші еді. Өз тілегі бойынша, мөршілік міндетінен босап алған кезінде, Хұсаин бұған уәзірлікті ұсынады. Әлішер бұл орыннан қашса да, құтыла алмайды. 1472 жылы уәзір болады. Бірақ сол орынға келген күнінен бастап үлкен рудан шыққан уәзірдің көбі бұған қарсы қызғаныш ойлап, іштен түйіледі.

Әлішер оларға қарамайды, өзінше үлкен жолдармен іс етпек болады. Алдымен Ғират қаласын зор мәдениеттің орталығы етуге кіріседі. Өз айналасына заманның ірі кісілерін - ғалым, суретші, музыкашы, архитектор, ақындарын жияды. Бәрін де мемлекет ісінің кеңесіне алады. Сол күндердің ең үлкен ақыны Абдурахман Жами және Саид Хасан Әрдашер сияқты ақындар Әлішердің ақылшылары болады. Жами сарай маңынан алыста жүрсе де, барлық Орта Азияға мәлім еді. Ол Әлішерге ұстаздық етіп, ақыл көмегін көп беріп тұрады. Хұсаин өзі де өлең жазушы еді. Ол Ғиратты көркейту талабына қарсылық етпеді. Бірақ аз заман ішінде ішкілікке беріліп кетеді. Оның жалғыз өзі емес, ұлдары, әскері – барлығы да соған салынады да, қазынаны құрта бастайды. Осы кезде Әлішер басының бұлты қоюланып келе жатты. Жаулары мұның өзіне де, достарына да қарсы қимыл етіп жүреді. Бірақ мемлекет ісінде жүргендердің ішінде, аз да болса, халық жайын ойлайтындар бар еді. Соларға сүйене жүріп, Әлішер өз істерін істей берді. Бір жағынан, патшаның өзіне халық алдындағы міндетін айтып жүрді. Әлішердің өз басы сарай былығынан күн санап жиреніш тартты. Қолынан келгенше ол халыққа пайдалы әрекеттер істеді. Ғират қаласында бірнеше үлкен үйлер салғызып, медресе, кітапхана, аурухана, моншалар ашқызды. Мешхед қаласында да ғимараттар салғызды. Егіссіз шөлдерде каналдар қазғызбақ боп, үлкен жоспарлар жасайды. Бірнеше ғалым, ақын, тарихшыларға үлкен кітаптар жазғызады. Оларға үнемі жәрдем етіп отырып, өзі де үлкен

еңбектер жазуға кіріседі. Әлішердің үміт талабы бұл айтқандардан да зор еді. Бірақ Хұсаин сарайы мұндай жолдан қашықтай берді.

70-жылда Әлішер жазаға ұшыратқан тентек, бүлікшіл сұмдар енді күн санап бел ала бастады. Олар қанаттасып, бірлесіп ап, Әлішерді сарайдан абыройсыз етіп айдауға тырысты. Өсек шағымдарын патшаға жиі жолдайтын болды. Хұсаин да бұзыла бастады. Әлішердің ендігі сөзін құлаққа ілмейтін болды. Осыны байқаған соң, Әлішер 1476 жылы уәзірліктен босап шықты. Содан кейін, он бір жыл бойында әкімшілік ісіне араласпады. 1476 жылы Жамиге бағыштап жазған парсыша кітабы «Тухфатул экфарда» патша сарайына қатты наразы боп шыққанын ашық айтады. Ең үлкен қорытындысының бірінде: «патша - халық басындағы пәле» дейді. Тұспалдап сөйлеп кеп: «жерге әрекет етуде шошқа мен диқан екі басқа іс істейді. Диқан жаман жерді жақсы етсе, шошқа жақсы жерді жаман етеді» - дейді. Сарай бұл кезде Әлішерге қатты сенімсіздік жасап, сыртынан тыңшы қояды. Әлішер бұл күйді сезсе де, сонша іркілмейді. Әлішердің әкесінен қалған өз мүлкі бар еді. Соның да бірталайын кітапхана, монша, ауруханалар салуға жұмсайды. Ескі ғимараттарды түзеттіреді. Әлішер салғызған үйлердің бірталайы Ғиратта әлі күнге бар. Үлкен жолдар үстіне керуен сарайлар салғызады. Бұл реттегі әсіресе көрнекті ісі – қайтыс болған ақындарға мазарлар салғызуы. Әлішердің өз үйінен ылғи жақсылар жиыны арылмайды, сол жиындарда айрықша әдебиет мәжілісі, сындар, айтыс-таластар болатын. Мұқтаждық көрген ақын, артистерге мол-мол сыйлар беріп тұрған. Өзбек тілінде үлкен шығармалар туғызуды қатты арман етеді. Осы бетте кім, не жақсы еңбек тудырса, алғашқы жәрдемді Әлішерден алушы еді.

Ақын Әлішердің өз басының да үлкен, күрделі еңбектер берген жылдары осы мезгіл болады. Атақты «"Хәмсә» (Бес кітап) дейтін шығармалары туады. Бұл бестің бірінші кітабы – «Хайратул әбрар» (жақсыларды таң қылу үшін) деген шығарма. Екіншісі – «Ләйлі – Мәжнүн». Бұл дастан 7200 жолды, үлкен жыр. 1483 жылы жазылған. Ләйлі - Мәжнүннің ауызша әңгімесі арабтан шыққан, XII ғасырда алғаш рет дастан етіп жазған кісі Әзербайжанның ұлы ақыны Низами Ганжеуи еді. Иранда бұған еліктеген кісілер көп болды. Оны Хисрау Дехлеуи, Абдрахман Жамилер де жазған еді. Әлішер бұл әңгімеге жаңа мазмұн, жаңа идея беріп, қайтадан жазды. Екі жастың қайғысынан қоғамдық мағына туғызып, байытып жазды. Әлішердің үшінші дастаны – «Фархад – Шырын». Бұл – ең ірі кітабы, 11 мың 404 жол, 1484 жылы жазылған. Жырдың түп әңгімесі Ирандікі болатын. Ең әуел дастанға айналдырған Әбулқасым Фирдоуси еді. Кейін көп еңбек етіп, «Хисрау мең Шырын» деп жазған Низами. Содан бері «Хисрау – Шырын», «Шырын – Хисрау» деп жазғандар көп болды. Бірақ Әлішердің жазғаны өзгенің бәрінікінен бөлек боп шықты.

Хисрау Паруиз зорлықшыл патша еді. Соны өзгелердің мақтап жазғанын Науаи қатты сынады да, Фархадты көтереді. Дастанның негізін

достыққа, халықтар жарастығына құрады. Әділет, гуманизм идеяларын ардақтайды. Қытай жасы Фархадтың қасиетін ұлғайтып, геройлық, махаббат, достық сипаттарын береді. Талантты, білгіш, зор ақыл иесі, идеал адам етеді.

Жаһанда ғылым қалмай ол жетпеген,
Іс қалмай тәсілмен тербетпеген, -

дейді. Ерлігі ел жұрттың пайдасына жұмсалып алғыс әперсе, бұның махаббаты да адамды тазартатын махаббат болады. Сүюді білмеген жақсылық жоқ деген мағына туғызды. Махаббаттың өзін алғанда, ол достық, тұрақтылықпен өрімдес болсын дейді. Және бұрынғы софылықтың мистикасынан аулақтап шығып, шын «сүю өмірден бездірмеу керек, қайта тірлікті де сүйгізетін болсын» дейді. Мұндай сүю адамға батырлық, даналық, сәулет бітіреді. Бірақ бейнеті көп. Оған мықты, мінсіз адам ғана жарайды, дейді. Әлішердің әйелге деген көзқарасы да осы дастанда мол танылады. Мұндағы әйелдер ақылды, қабілетті және ерлермен тең, туыс келеді. Маһибану, Шырын сияқты әйелдер, ең алдымен, мәдениетті, ақылды және мемлекетті жақсы басқара алатын әділ, Отанын жаудан ерше қорғай білетін мықты әйелдер, заманның алдыңғы адамдары өздері боп шығады. Дастан ішінде осылардай жақсы, арлы, намыскер, таза адамдарға қарсы залым, әділетсіз адамдарды да көрсетеді. Әлішерде олардың өкілі боп, бұрынғы ақындар дәріптеген Херау патша шығады. Хәмсәнің төртінші кітабы – «Сәбгәй сәярә» (жеті планета). Ол 9 мың 710 жолды дастан, 1484 жылы жазылған. Әңгімесі Иран патшасы Баһрамның басынан кешкен бір жайды баян етеді. Бұл тақырыпта Низами («Нафт пайкар»), Хераулар да жазған. Әлішер өз жырында Баһрам жайына келгенде, жаңағы екі ақынды сынады. Бір маскүнем патшаны соншалық несіне жақтаған, «өз заманының тұрғысы болған екі шәйір сол надан үшін хәмселерін былғар ма?» - дейді. Әлішер жеті планетаның әңгімесін өзгертіп, өзінікі қып әкетеді. Бесінші дастан – «Сәдди Искәндәри» (Ескендір дуалы). Бұл - 14 мың 392 жолды, үлкен әңгімелі жыр, 1484-85 жылдарда жазылған. Бұрын осы тақырыпқа Низами, Хисрау, Жамилер де «Ескендір-нама» деп, әлденеше рет жазған болатын. Әлішер бұл әңгіменің туысында да бірталай жаңалықтар қосты. Кей кезде екі патшаның соғысын жиренішті қан төгіс түрінде көрсетіп кеп, өз тұсындағы патшасы Хұсаин Байқара туралы тұспал беретіні де бар. Темір нәсілінің соңғы дәуірлері тыныштықсыз, берекесіз өзара соғыстарға толып, ел мазасын қатты кетіріп еді. Әлішер мына дастанда кей-кейде соны тәспалдап, соны кінә қылады. «Хәмсәға» кірген бес кітаптың жайы осындай. Жалғыз өзбек әдебиеті емес, заманындағы барлық шығыс әдебиетінің биік шоқысы есепті болған «Хәмсәні» Жами сол жылдардың өзінде де қатты мақтаған еді. Бірақ патша сарайы Әлішердің атақты, абыройлы кісі боп аман тұрғанын көтере алмады. Хұсаин Байқара астанадан Әлішерді қумақ болады. Қуғанда тұп-тура айдап тастау оңай емес, ұлы ақынды сүйетін, қадірлейтін жұрт көп. Сол себепті сылтау тауып, Астрабадқа әкім етіп жібереді. Әлішер аты ол

жақта да мәлім екен. Астрабад үлкен құрметпен қарсы алады. Келген жолын құттықтап, білім иелері хаттар жазады, ақындар жырлар арнайды. Тіпті түрікпен ханы арасында парақорлық, зорлық дегендер аса күшті екен. Әлішер ел қамын ойлап, жаманшылықтармен алысуға кіріседі. Хұсаинға мемлекет қамын, парызын айтып, өзінің үлкен пікірлерін айқындап, толық хат жазады. Хатында жаңа тәртіптер туралы көп бағдарламалар аталған. Бұл хат Әлішер Науаидың мемлекет жөніндегі үлкен мұңдарының бір жақсы белгісі. Астрабадта тұрған кезінде Әлішер өзінің ғазалдарын (лирика) және басқа жырларын молайтады. Барлық көркем ұсақ шығармаларын бір жинақ қып топтайды да, 45 мың жолдық «Хэзаин-улмиани» («Мағыналар қазынасы» яки «Шардеуан») деген атақты кітабын әзір етеді. Әлішердің Ғиратқа қайтқысы келсе де, Хұсаин қайтармайды. Оның орнына, Әлішер басына қастық ойлап, бұрынғыдан да өшігіп жүріп, бір уақыт ішер асына у салғызып береді. Бірақ Әлішер сезіктеніп қалып, өзі ішпейді. Удың жайын анықтайды. Осы жөнде Хұсаинды ұялтып, кінәлап отырып, хат жазады. Хұсаин Әлішер хатынан қысылып, ақталмақ болады. Амалсыздан, Әлішердің дегеніне көніп, Ғиратқа қайтуға рұқсат етеді.

Осыдан кейін бірталай заман Әлішерді Балхыда тұрғызады. Соңғы жылдарда, Хұсаинның өзі мен Бэдиюз-заман деген баласының арасында араздық басталып, ұзақ жаулық, соғыс боп кетеді. Әлішер бұл шатақтан халық ауыртпалығы артқанын көріп, әке мен баланы жарастырмақ болады. Бірақ ол дегеніне жете алмайды, тыныштық орната алмайды. Осы кезде Хұсаин маңайын тастап, басқа бір жұртқа кетуді де көп ойлайды. Бірақ жазушылық еңбегінен қол үзбейді. Жоғарыда айтылған ірі кітаптардан басқа Әлішердің «Мухакаматуллуғатаин» (тілдер таласы) деген аса бағалы ғылыми кітабы жазылады. Бұл кітапта өзбек тілін бұрынғы кітапшалардың асыра мақтай беретін парсы тілімен салыстырады. Өз елінің тілі анау сияқты өнерлі, өскелең деген тілден тіпті де төмен емес, қайта байырақ екенін анық көрсетеді.

1498-99 жылдарда Әлішер «Лисануттаир» (құстар тілі) деген кітабын жазады. Өмірінің соңғы шағында, 1500 жылда жазған үлкен шығармасы «Мәхбұлбұл қулуб» (көңіл сүйгені) деген кітап. Мұнда өмірдің тәжірибесі, көрген-білген үлкен халдер, қоғамдық халдер туралы өзінің қорытынды пікірлерін айтады. Халық қамы мен патшалық ниетінің арасындағы бітімсіз жаулықты танытады. Елдің ызасын, жиренішін, қорлығын айтады. Жуандардың әділетсіз, залымдығын, жыртқыштығын таңбалайды. Жұрт мұңына соншалық жақын келген бұл шығармасының тілі де халық тіліне, халық шешендігіне, мақал-афоризмдеріне аса жақын, асыл, бай өрнектеп жазылған. Әлішер 1500 жылы ұзақ ауруға душар боп, көп заман төсек тартып жатады. Достары жиған дәрігерлер ем таба алмайды. Сөйтіп, 1501 жылы 12 январьда ұлы ақын қайтыс болады. Әлішердің өліміне қайғырған халық сансыз еді. Сол жұрт ішінде өз уайымын жырмен айтқан Әлішердің досы Мәулен Саһиб Дара деген кісі, ол ерекше жоқтау жазды. Бұл

жоқтаудың әр шумағынан Әлішердің туған жылы мен өлген жылы көрініп отыратын боп жазылған. Артына ұшан-теңіз мол мұра қалдырған Әлішер Науаи жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Орта Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне үлкен әсер етті. Әзербайжан, түрікпен, татар, осман түріктерінің әдебиетіне тараған үлгісінен басқа, қазақ әдебиетіне де көп нәрлі жемістер берді. 19-ғасырдағы қазақ әдебиетінің Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарын еске алсақ – бәрінен де Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сарындарын сезіп отырамыз. Өз дәуірінің мәдениет, әдебиетіне соншалық көп еңбек еткен және кейінгі ғасырларда көп халықтардың көп заман қадірлеген ұлы ақыны Әлішер Ұлы Октябрь революциясына шейін өз мұраларына лайықты бағаны ала алмай келіп еді. Бақытты Отанымызда ғана атақты Әлішер Науаи шын ардақты атқа ие боп отыр. Бұдан былай қазақ халқы үшін де Әлішер аты Пушкин, Шота, Шевченко, Абай, Низами, Фирдоуси, Мақтұмқұлы, Тоқтағұл сияқты қадірменді аттармен қатар аталатыны күмәнсіз. Әлішерден қалған ақындық мұра ұшан-теңіз. Қазақ оқушыларына бір жыл ішінде барлық ірі шығармаларын аударып, басып, танытып беру оңай емес. Біздің баспа өз оқушыларын өзбек халқының ұлы ақынымен аз да болса таныстыру үшін осы кітапты ұсынып отыр. Бұнда «Шардеуанға» кірген «ғазалдардың» (сыршыл жырлардың) үлгілері бар. Хәмсәнің ішінен «Фархад – Шырын» деген үлкен дастанынан үзінділер берілген. Осы үлгілердің өздерімен де түгел танысқан оқушы Әлішердің асыл қазынасынан, әсем өрнегінен толық әсер алады деп білеміз. Қазақстан баспасы Әлішер мұралары туралы осы бір кітаппен тоқтамақ емес, әлі де үлкен шығармаларын қазақ еліне таныстыра беруіне тілектеспіз.

Өзбек әдебиеті – өзбек тіліндегі жазбаша және ауызша шығармалардың жиынтығы. Өзбек әдебиетінің өкілдері-Ағахи, Алишер Навои, Бабур, Лутфи, Машраб, Ұними, Мунис Хорезми, Нодира, Физули, Фуркат, Увайси және басқалар. Өзбек әдебиетінің классикалық жанры көйлек, қасид, газальдан тұрады.

Өзбек әдебиеті жазбаша және ауызша халық шығармашылығы негізінде дамыды. Ауызша поэтикалық шығармашылық өзбек пен елдің мемлекет қайраткері мақал-мәтелдермен, ертегілермен және дастан-эпикалық жан жалғыз. Соңғы жылдары – «Алпамыш-Батыр», «Гороглы», «Күнтугмыш».



ТАТАР ӘДЕБИЕТІ

Татар халқының жазба әдебиеті көне дәуірлерден басталады. Шығыс классикалық поэзиясының дәстүрлі сюжеттеріне татар ақындары да көптеген дастандар жазған. Солардың бірі – XIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Ғали ақынның «Жүсіп пен Зылиха» дастаны.

Сондай-ақ авторлары бізге беймәлім «Кесікбас» және «Сопыларға өсет» деп аталатын діни-дидактикалық сарындағы шығармалар.

Махмұт Бұлғаридің «Жұмаққа жол» (XIV ғасыр), Мұхамедияр ақынның «Жомарттың сыйы» (XV ғасыр) атты жыр-дастандары кезінде халық арасында мәшһүр болған.

Татар әдебиетінде XVII – XVIII ғасырларда сопылық бағыттағы және дидактикалық сарындағы көркем туындылар басым болды. Бұл кездегі татар әдебиетінің көрнекті өкілдері: Мавля Құли (XVII ғасыр), Утыз Имяни (1754-1834), Шамсетдин Заки (1825-1865). Исмоил Ағанидің (XVIII ғасыр) «Үндістан мен Арабстанға саяхат» деген шығармасы татар әдебиетіне жаңа түр – «саяхатнамалар» жазу дәстүрін әкеледі. Ал, енді XIX ғасырдағы татар әдбиетінде ағартушы-демократиялық бағыт мейлінше кең дамыды. Бұл әдеби бағыттың көрнекті өкілдері Әбунасыр Курсави (1776-1818), Қаюм Насыри (1825-1902) т.б. болды.

Татар халқының жазба әдебиеті көне дәуірлерден басталады. Шығыс классикалық поэзиясының дәстүрлі сюжеттеріне татар ақындары да көптеген дастандар жазған. Солардың бірі – XIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Ғали ақынның «Жүсіп пен Злиха» дастаны.

Сондай-ақ авторлары бізге беймәлім «Кесікбас және Сопыларға өсиет» деп аталатын діни-дидактикалық сарындағы шығармалар. Махмұт Бұлғаридың «Жұмаққа жол» (XIV ғасыр), Мұхамедияр ақынның «Жомарттың сыйы» (XV ғасыр) атты жыр-дастандары кезінде халық арасында мәшһүр болған.

Әдебиеттің басқа да құбылыстары сияқты әдеби байланыстың да өзіндік пайда болу процесі, даму жолы және оның тарихи кезеңдері болады. Бұл құбылыстар көбінесе әдебиетті жасаушы халықтардың тарихи байланысына, саяси-экономикалық және мәдени қарым-қатынасына негізделеді.

Қазақ пен татар халықтарының тарихына көз жіберсек, бұл туысқандық тамырларының тіпті тереңнен, сонау көне ғасырлардан басталатынын көреміз. Біріншіден, екі халықтың шыққан тегі бір – тарих сахнасына біздің дәуіріміздің басында-ақ көріне бастаған сонау көне түркі тайпалары. Екіншіден бұл екі халық көп уақыт бойы әуелі (V-VIII

ғасырларда) Түрік қағанатының, кейін (IX-XII ғасырларда) Дәшті қыпшақ одағының, ақырында (XIII-XV ғасырларда) Алтын Орда хандығының құрамына кіріп, бір мемлекеттің қол астында өмір сүрген. Қазақ татар әдебиеттерінің көптеген көне ортақ үлгілері көбінесе осы кезде жасалған. Үшіншіден бұл екі халық кейін сол көне түркі – монғол тайпалары құрған қоғамнан бөлініп шығып, бірі бұлғар-татар одағының, екіншісі – үйсін-қыпшақ одағының негізінде өз алдына жеке халық болып қалыптасқан. Төртіншіден, бұл екі ел бірі- қазақ, екіншісі – татар атанып, тарих сахнасына шыққанан бері негізінен бір өлкені (Еділ-Жайық өзендерінің бойлары мен Орал-Алтай тауларының арасын) мекендеп, көп ғасырлар көршілес қонып, іргелес тұрып өмір сүріп келеді.

Осыған байланысты олардың басынан кешірген тарихи тағдырлары да бір болып, ұлттық мүдделері үнемі ұштасып жатты. Мәселен, қазақ – татар халықтары Шыңғыс пен Бату бастаған монғол шапқыншыларының шабуылына бірдей ұшырады. Кейін Қазан, Астрахань, Қырым, Сібір және Қазақ хандықтары болып бөлінген кездердің өзінде де қазақ, татар халықтары өзара экономикалық байланыс жасап, бір-бірімен сауда қатынастарын жүргізді. Тіпті қазақтар мен татарлар бір кезде Ноғайлы одағын құрып, бір хандық болып та тұрды. Қазақтың көптеген батырлық және лиро- эпостық жырлары көбіне осы дәуірде пайда болған.

Міне, осы түбі бір туыстық, көне көршілік, тарихи тағдырластық және экономикалық қатынас екі елдің мәдени өміріне, соның ішінде әдебиетіне де елеулі әсерін тигізіп, олардың өзара жақындасуына себеп болды. Мұны, әсіресе екі халықтың ежелгі заманнан бері сақтанып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілеріне көз жіберсек анық аңғарамыз. Бұл жөнінде белгілі татар ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Усман былай деп жазады: «Қазақ – татар әдебиетінің қарым-қатынас, өзара байланыс тарихы өте ертеден басталады. Олардың түп тамыры, бастау бұлағы біздің халықтарымыздың ауыз әдебиетінде жатыр. Ескі Орхон- Енисей жазуы мен Махмут Қашқари сөздігіне үңілсек, олардан біздің тілімізде күні бүгінге дейін ортақ мақал- мәтелдерді кездестіреміз. Мұндай туыстас шығармалар кейігі замандарда да кем түспейді. Әсіресе эпос төңірегінде аса қызғылықты жәйттер бар...».

Расында да, қазақ-татар халықтары жасаған ауыз әдебиеті үлгілері үнемі өзара ұқсап, ұштасып жатады. Бұл жағынан алып қарағанда, олар бір көрікті бақшаның қос гүлі тәрізді. Олай дейтін себебіміз: Бұлар бірігіп жасаған ертегі-аңыздар, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, батырлық және лиро- эпостық дастандар бір-біріне өте ұқсас. Тіпті, олардың кейбіреулерінің қай халықтікі екенін де айыра

алмайсың. Мәселен, «Көз –қорқақ, қол – батыр», «Ер жолдасы тәуекел», «Жатып қалғанша, атып қал», «Бітер істің басына, жақсы келер қасына», «Өнер алды-қызыл тіл», «Өнерді үйрен, үйрен де жирен», «Ұста – әруақ», «Жан аямаған жау алар, мал аямаған дау алар», «Ат аунаған жерде түк қалар» деген қазақ-татар мақалдарының мән-мағына жөнінен еш айырмасы жоқ. Өзгеріс тек жазылуы, оқылуы және айтылуында ғана.

Сол сияқты татардың «Шомбай» атты ертегісі қазақтың «Шық бермес Шығайбай мен Алдар көсе» деген ертегісіне өте ұқсас. Екеуінде де қу кедей жігіт сараң байды алдап кетеді. Ал татардың «Бай мен шаруа» деген ертегісі қазақтың «Хан мен тазша бала» деген ертегісіне, татардың «Молда мен Мәзи» деген ертегісі қазақтың «Тапқыш» деген ертегі-аңыздарымен мазмұн, идея, тіпті сюжет жағынан өте сәйкес. Ал, «Есек дәме», «Екі жалқау», «Ағайындардың қаз бөлгені» деген ертегісі қазақ ертегілерімен тіпті сөзбе-сөз үйлесіп жатады.

Жоғарыда қазақ пен татарлардың тіпті бір кезде бірігіп Ноғайлы одағын құрып, бір хандықтың қол астында өмір сүргенін айтып, өткен болатынбыз. Қазақтың көптеген батырлық жырлары мен лиро – эпостық дастандары міне осы Ноғайлы дәуірінде туған. Бұл жөнінде қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы, қазақ-татар халықтарының тарихи байланысын терең зерттеп, олардың ауыз әдебиеттерінің нұсқаларын көп жинаған Ш.Ш.Уәлиханов былай деп жазады: «Туысқан ноғай мен қазақ ордаларының бірігіп өмір сүрген кезі қазақ дастандарында алтын ғасыр есебінде жырланады. Жиренше шешен, Өз Жәнібек және ноғай философы Асан қайғы атына байланысты әңгімелер, ертегі- аңыздар және нақыл сөздердің көпшілігі сол кезде туған. Оларды дала тұрғындары осы уақытқа дейін пайдаланады...». Орталық Азиядан Еділ бойына жөңкіген Жоңғар қалмақтары ноғай мен қазақ ордасына шабуыл жасап, жат жерлік жаулар оларды өздерінің туған жерлерінен ығыстырады, талан-таражға ұшыратады, қазақ пен ноғайдың туысқандық одағын ажырытады. Қалмақтардан ығысқан ноғайлар Еділ мен Оралдың ар жағына кетеді. Ал, қазақтар оңтүстікке ауады. Ноғай мен қазақтың осы екіге айырылуы жөнінде шығарылған, бүкіл дала тұрғындарына мәлім жоқтауды дала күйшілері осы уақытқа дейін ұмытпай қобызда ойнайды. Мұны естіген ақсақалдардың көзіне жас келеді.

Ормамбет би өлгенде,
Он сан тоғай бүлгенде,
Қара орман күйгенде...

деп жырлайды дала Бояны (жыршысы). Ш.Ш.Уәлиханов ноғайлы дәуірінде жасалған әдебиетке татар, қазақ арасына кең тараған «Едіге»,

«Орақ батыр», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Шора батыр» және «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастандарын жатқызады.

Татар мен қазақ халықтарының бір кезде бір хандықтың қол астында өмір сүріп, көптеген әдебиет нұсқаларын жасағанын ауыз әдебиетін көп зерттеген ақын С.Сейфуллин де растайды. Ол өзінің қазақ әдебиет тарихына байланысты еңбектерінде, тіпті «Ноғайлы дәуірінде туған әдебиет» деген арнаулы бөлім енгізеді. Сәкен ертедегі ноғайлы дәуірі (XV-XVII ғ асырлар) кезінде жасалған әдебиет нұсқаларын қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қарақалпақ тағы басқа халықтардың бірігіп жасаған ортақ әдебиеті деп есептейді. Бұған ол көбінесе, батырлық жырларды және лиро эпостық дастандарды жатқызады. Мәселен, С.Сейфуллин былай деп жазады: «Қазіргі Қырым, Астрахань, Қазан, Еділ бойлары, Башқұртстан, Өзбекстан, Қарақалпақ және басқа жерлердегі түркі монғол руларының ол заманда ноғайлы елі атанғандары, ертедегі ноғайлы батырлары туралы айтылған жырларды, әңгімелерді «біздікі еді» десе айтуларына болады. Олай айтуға хақылары да бар. Ноғайлы заманындағы ноғайлының батырлар әңгімесіне бәрі де ортақ деуге болады. Оларға... қазіргі қазақтар да ортақ».

Ал, енді, Алтын Орда ыдырап, оның қарамағында отырған ноғайлы елі бытырап, одан қазақ рулары бөлініп, өз алдына халық құрған кездегі татар және қазақ әдебиеттерінің жайы жөнінде Сәкен тағы былай дейді: «Қалың ноғайлы бірте-бірте бытырап, бөлек-бөлек болып, жан-жаққа – «ұлы-ұрымға, қызы-қырымға» тарасып кеткенде, қазақ атанып кеткен ноғайлылар өзінің ноғайлы заманындағы, ноғайлының бытырай бастаған заманындағы батырлар әңгімелерін өздері қазақ болып кеткен соң да ұмытпаған. Қазақ болған елден өзге жерлердегі ноғайлылардың көбі ол батырлар жырларының ұзын ырғаларын да ұмытып қалып, тек қана қысқа әңгімелерін ғана сақтап қалған. Тіпті кейбір ел қысқа әңгімелерінің өзін де ұмытып қалған... Ертедегі, ноғайлы заманын дағы батырларды әңгіме қылған жырлардың қайсысын алсаң да, қазақ болған елдің ауыз әдебиетіндегісі өзге түркі – монғол руларының бәрінікінен де екі есе немесе талай есе көлемді, талай есе толық сақталып келген...». Мұнан кейін С.Сейфуллин ноғайлы дәуірінде жасалған әдебиет нұсқаларына «Едіге», «Қобыланды», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Жабай батыр», «Нәрік ұлы Шора батыр», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» дастандарын жатқызады да, өзінің бұл пікірін осы поэмалардан үзінді келтіре отырып дәлелдейді.

Қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов пен ақын С.Сейфуллин тарапынан айтылған бұл пікірлерді татар ғалымы проф.Х.Усман да толық қуаттайды.

Мәселен, ол былай деп жазады: «Бір кезде Қара теңіз жағасынан Алатау бөктеріне дейін созылып жатқан сонау Дәшті Қыпшақ дәуірінде көптеген ортақ эпостық жырлармыз осы аталған аралықтың Батысы мен Шығысында бір үлгімен, құдіретті күшпен жаңғырып, айырмасыз, айна – қатесіз айтылған да жырланған.

Татар халқының тарихи дамуындағы одан бергі сан алуан өзгерістерге байланысты олардағы эпостың даму жағдайлары да өзгеріп кетті. Татардың халықтық шығармашылығы өзінің бұдан кейінгі даму дәуірінде бәйіт, қысқа жырлар түріне ауысты да, ал қазақтар болса, сол эпостың байырғы батырлық жыр дәстүрін одан әрі байытып әкетті». Сөйтіп қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы Ш.Уәлиханов, ақын С.Сейфуллин, сондай-ақ белгілі татар ғалымы, проф. Х. Усман да қазақ-татар әдебиеттерінің түпкі тектерінің бір екендігін, олардың алғашқы нұсқаларының көбінесе бірігіп жасалғанын айтады. С.Сейфуллин мен Х.Усман оның үстіне, әлгі бірігіп жасалған ортақ әдебиет үлгілерінің татарларға қарағанда қазақ арасында молырақ және толығырақ сақталып қалғанын атап өтеді.

Бұлардың бұл пікірлерінің дұрыстығын қазақтың батырлық жырларымен танысқанда анық байқауға болады. Мәселен, есімдері қазақ, татар халықтарына бірдей мәлім Едіге, Орақ Мамай, Қобыланды, Алпамыс, Шора жөнінде екі ел арасында да көптеген өлең-жырлар мен ертегі - аңыздар бар. Бірақ қазақтың бұл батырлық жөніндегі өздерінің ой-пікірлері мен ой-қиялдарын ертегі-аңыз, яғни қарасөз түрінде ғана жеткізген. Бұған мысал ретінде Алпамыс батыр туралы шығарманы алуға болады. Қазақ ішінде «Алпамыс батырдың» негізінен үш версиясы болса, соның үшеуі де ұзақ өлең-жыр, яғни батырлық дастан түрінде сақталған. Ал, татардың «Алпамша» атты ертегісінің әр кезде жазылып алынған екі нұсқасының екеуі де ертегі, аңыз-әңгіме, яғни қарасөз түрінде жазылған. Қазақ-татардың «Алпамыс» атты батырлық жыры мен көркемдік ерекшеліктері мен олардың арасындағы өзара ұқсастықтар мен айрмашылықтар жөнінде академик жазушы М.О. Әуезов, Қ.Жұмалиев, М. Ғабдуллин, проф. Н.С.Смирнова, А.А.Валитова мен Т.Сыдықовтардың ғылыми-зерттеу еңбектерінде өте жақсы айтылған.

Ал, енді татар мен қазақ халықтарының Алпамыс жөніндегі шығармасын өзара салыстырып қарағанда көптеген ұқсастықтарды табуға болады. Мәселен, Алпамыс туралы қазақ жыры мен татар ертегісінде де батырдың қалыңдығына үйленуі, өзіне лайықты ат таңдап алуы, өзіне қарсы болған ханға сапар шегуі, батырдың тұтқынға түсіп, зынданда отыруы, жабайы қаздың қанатына хат байлап, оны өзі өскен өлкесіне

жіберуі, әйеліне басқа біреудің үйленбек оймен құда түсіп жатқан кезінде батырдың еліне қайтып оралуы т. б. жағдайлар өте ұқсас келіп отырады. Бірақ бұл шығарма мазмұнының ұқсастығы емес, тек сюжет желілерінің жақындығы ғана деп түсіну керек. Өйткені, татар ертегісі мен қазақ жырын қатар салыстырып отырсақ, олардың арасында елеулі айырмашылықтардың бар екендігі байқалады. Мәселен, егер «Алпамыстың» қазақша версияларында: батырдың ата-анасының баласыз болу жайы әңгімеленсе, «Алпамша» атты татар ертегісінде бұл жоқ. Сол қалыңдығының ата-аналарының аттары да аталмайды. Сондай-ақ татар ертегісінде айтылатын Алпамшаның әйелі үшін бәсекеге түсуі, Алпамша мен Сандуғаштың бірігіп патшаға қарсы тұруы, батырдың үстемшіл Қылтаппен соқтығысуын баяндайтын эпизодтар қазақ версиясында басқаша баяндалады. Алпамшаның қараңғы түнек, түпсіз құдықтан босанып, сау-саламат еліне қайтып оралуы да басқаша. Сонымен бірге татар ертегісінде мыстан кемпірдің айла-амалы да айтылмайды. Қатысушы адамдардың да аттарында да атап айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мәселен, қазақ жырындағы Алпамыс, татар ертегісінде Алпамша, Гүлбаршын – Сандуғаш, Тайшық – Қылтап, т.с.с. болып келеді.

Татар ертегісін «Алпамыстың» қазақша версияларымен қатар алып қарағанда, олардың өмірдегі құбылысты беру тәсілдерінде де айырмашылықтар кездесіп отырады. Ол айырмашылықтар көбінесе қиял-ғажайыптық жайларға байланысты құрылған. Алпамыс жайындағы эпикалық жырды халық Еділ жағалауына әкелгенде, ол татар халқының өзіндік төл көркем туындысы болып саналып кеткен. Ал, бұлардағы, яғни эпикалық жыр мен ертегінің арасындағы айырмашылық жайларды қазақ пен татар халықтарының өмір шындығының әртүрлі болып келуі, елдердің бастан кешкен тұрмыс жолының әр қилы болуынан деп түсіну керек.

Алпамыс батыр сияқты Қозы Көрпеш – Баян сұлу туралы да екі ел арасына бірдей тараған таңғажайып тамаша аңыз бар. Мұнда да, қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» екі жастың арасындағы адал махаббаты мадақтаған лиро-эпикалық дастан түрінде жетсе, татар аңызы Қозының ерлігін көрсетуге бағытталған шағын ертегі түрінде ғана сақталған. Бірақ осы дастан мен ертегінің көтерген тақырыбы. Айтайын деген ой-пікірі, мазмұны мен сюжетінде де елеулі ортақтық пен ұқсастық бар. Мәселен, екі елдің аңызында да екі бай (бірде олар хан немесе рубасы) аңға шығып жүріп, далада құда болады, кейін бір құда өледі де, қалыңдықтың әкесі: «Жетім ұлға қызымды бермеймін» деп, қоныс аударып көшіп кетеді. Жас батыр Қозының балалық шағы да бірдей суреттеледі. Баянға аттанар жолдағы оған кездесетін кедергілер, қиыншылықтар да бір тектес. Қозы

мен Баян арасындағы дәнекердің – бозторғайдың әрекеті, тағдыры ұқсас. Екі аңыздың да екеуінде Қозы Баянға тазша бала болып келеді.екі нұсқаның екеуінің де соңы кейде қайғылы, кейде бақытты болып аяқталады.

Осы аталған негізгі ұқсастықтарына қарағанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының о бастағы нұсқасы біреу-ақ екені сезіледі.Өйткені екі жастың арасындағы мөлдір махаббатты жыр еткен бұл тамаша әр елдің өз топырағында туа қалған күннің өзінде осыншалықты бірін-бірі қайталайтын ұқсастықпен жырланбаса керек еді.Сонымен қатар бірнеше ғасырлар бойы жырланып, айтылып келе жатқандығы себепті, бір тілден екінші тілге ауысқанда, сол халықтың қасиетін бойына сіңіріп те отырған.Ал, келе-келе қалыптасып, сол елдің дербес бір шығармасына айналуы әбден ықтимал.Бұл ретте жырды қабылдаған ел өз басынан кешірген тарихи кезеңдерді, өз елінің ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрып, салт- санасын, тұрмысы мен психологиясын асқан шеберлікпен шығармаға дарыта да, оны дамыта да білген. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанын, оның идеялық-көркемдік қасиеттері мен толып жатқан версиялары, варианттарын салыстыра зерттеп, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерін ашқан академик М.О.Әуезов, Қ.Жұмалиев, проф. М.Ғабдуллин, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаевтардан бастап, бұл дастанды татар, башқұрт, алтай нұсқаларымен салыстыра талдаған М.Жолдасбековтерге дейін осы пікірге саяды.

Сондай-ақ татар арасында көп жырланған, сюжеті шығыстан ауысқан «Жүсіп-Зылиқа», «Таһир-Зуһра», «Ләйлі-Мәжнүн», «Сейфіл-Мәлік», «Боз жігіт», «Шәкір-Шәкірат» дастандары қазақ арасында да ерте кездің өзінде-ақ белгілі болған. Ал, «Қожанасыр әңгімелері», «Тотының тоқсан тарауы», «Қырық уәзір хикаялары», «Мұңлық-Зарлық» жырлары қазақ даласында қандай құрметпен айтылса, татар ноғайларында да сондай сүйіспеншілікпен жырланған. Бұл эпостар мен дастандардың, ертегілер мен аңыздардың бүкіл Орта Азия халықтарына, соның ішінде қазақтар мен татарларға да етене болып кеткені соншалық, кейде бұлардың кейбіреулерінің түп төркінін табудың өзі де қиын.

Татар халқының жазба әдебиеті көне дәуірлерден басталады. Шығыс классикалық поэзиясының дәстүрлі сюжеттеріне татар ақындары да көптеген дастандар жазған. Солардың бірі – XIII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Ғали ақынның «Жүсіп пен Зылиха» дастаны.

Сондай-ақ авторлары бізге беймәлім «Кесікбас» және «Сопыларға өсиет» деп аталатын діни-дидактикалық сарындағы шығармалар.

Махмұт Бұлғаридің «Жұмаққа жол» (XIV ғасыр), Мұхамедияр ақынның «Жомарттың сыйы» (XV ғасыр) атты жыр-дастандары кезінде халық арасында мәшһүр болған.

Татар әдебиетінде XVII-XVIII ғасырларда сопылық бағыттағы және дидактикалық сарындағы көркем туындылар басым болды. Бұл кездегі татар әдебиетінің көрнекті өкілдері: Мавля Құли (XVII ғасыр), Утыз Имяни (1754-1834), Шамсетдин Заки (1825-1865).

Исмоил Ағанидің (XVIII ғасыр) «Үндістан мен Арабстанға саяхат» деген шығармасы татар әдебиетіне жаңа түр – «саяхатнамалар» жазу дәстүрін әкеледі.

Ал, енді XIX ғасырдағы татар әдебиетінде ағартушы-демократиялық бағыт мейлінше кең дамыды. Бұл әдеби бағыттың көрнекті өкілдері Әбунасыр Курсави (1776-1818), Шигабутдин Маржани (1813-1889), Қаяум Насыри (1825-1902) т.б. болды.

Дәл осы дәуірде өмір сүрген Загир Бигеев (1870-1902), Ғабдірахман Иляси (1856-1896), Фатих Халиди (1851-1923) шығармаларында адамгершілік, ізгілік, инабаттылық, имандылық т.б. гуманистік идеялар бейнеленген. Әсіресе, Қаяум Насыридің новеллалары, Загир Бигеевтің «Сұлу Қадиша» романы, Ғабдірахман Илясидің «Бақытсыз» деген атпен шыққан пьесалар жинағы татар әдебиетіне кеі өріс ашып, тың тыныс әкелді.

Қаяум Насыри – татар прозасының негізін салушы, татар балалар әдебиетінің ірге тасын қалаушы, халық әдебиеті нұсқаларын жинаушы.

Қаяум Насыридың «Бос уақыт» (1860), «Қырық уәзір» (1868), «Әбдуғалисина» (1872), «Әдебиет жөніндегі әңгімелер» (1884) атты еңбектері татар әдебиетінің дамуына мол үлес болып қосылды. «Қабуснама» (1886), «Қазан татарларының наным-сенімдері мен ырым-салттары» (1880), «Қазан татарларының халық әдебиетінің үлгілері» (1896) деген шығармалары кезінде орыс тілінде жарық көрді.

Татар халқының ауыз әдебиеті тұрмыс-салтқа байланысты туған өлең-жырларға бай болып келеді. Сондай-ақ ертегінің сан алуан түрлері, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, мақал-мәтелдер, т.б. татар көркем сөз өнерінің алтын қорынан кең орын алған.

Татар мақал-мәтелдерінен:

Әр істің ұстасы бар,
Әр ұстаның ұстазы бар.
Жаңа жеңеді, ескі өледі.
Былырғы іс- біткен іс.

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙ **(1886-1913)**

Ғабдолла Тоқай – татар реалистік әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, атақты ақын, дарынды публицист.

Тоқай әдебиет әлемінде татар халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы жалынды күрескер ретінде келді. Ақынның «Бостандық туралы» (1905), «Арамтамақтарға» (1906), «Мемлекеттік Думаға» (1906) деген жырлары кезінде татар зиялыларына ой салған елеулі құбылыс болды.

Ол қоғам қайраткері, публицист ретінде Қазан қаласындағы алғашқы сатиралық баспасөз органы – «Яшен», («Жасын») журналын шығарған (1908), сондай-ақ ол демократиялық бағыт ұстанған жастардың «Әл-Ислах» газетінде (1905-1909), «Ялт-йолт» («Жалт-жұлт») журналында қызмет істеді.

Ақынның қоғам өміріндегі кемшіліктерді өлтіре сынаған өлеңдері негізінен осы аталған газетте жарияланған. Мұнда ол татар халқын оқу-білімге үндеді, адам бойындағы жаман мінез-құлықты сынады. Бұған ақынның лирикалық, сатиралық өлеңдері, хикаялары мен поэмалары дәлел.

Ақынның «Татар қыздарына» (1906), «Туған жерім» (1907), «Сүтке түскен тышқан» (1907), «Шындық пен өтірік» (1908), «Көңіл жұлдызы» (1909), «Өмір жолында күресушілерге» (1910), «Махаббатқа түсінік» (1912), т.б. көптеген өлеңдері татар әдебиетін түр жағынан да, мазмұн тұрғысынан да байыта түсті.

Ғ.Тоқайдың хикаялары мен поэмалары да («Өлеңмен жазылған кішкене бір хикая», «Пішен базары яки жаңа кескен бас», «Үш ақиқат») ел арасына кең тарап, мәшһүр болған.



ТҮРКІМЕН ӘДЕБИЕТІ

Түркімен халық ауыз әдебиеті – эпостық шығармалар мен ертегілерге мейлінше бай болып келеді. Түркімен фольклорында кең орын алған салалардың бірі – Шығыс классик поэзиясының дәстүрлі сюжеттері («Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп пен Зылиха», «Ғариб пен Санам», «Көроғлы», «Тахир мен Зухра», т.б.) бойынша нәзира үлгісімен тың дастандар жазу деуге болады.

Түркімен жазба әдебиетінің алғашқы ірі өкілдері Бурхониддин Сивосий мен Саид Насмий (XIV ғасыр) шығармаларында өсиет-уағыз айту сарыны басым еді.

Бұдан кейінгі дәуірлерде өмір сүрген Хилали Чағатай (XIV ғасыр), Бархудар Түркмен (XVII ғасыр) сияқты түркімен ақындары өз жырларын сол дәуірдің әдебиет дәстүріне сәйкес парсы тілінде жазды.

Дегенмен, түркімен классикалық әдебиетінің өркендеп, өскен кезені негізінен XVIII-XIX ғасырлар болды. Бұл кезде өзара қырықпышақ болып қырқысып жатқан түркімен ру-тайпаларының басын қосып, бір орталыққа бағынатын қуатты мемлекет құру міндеті тұрды.

Міне, осы ел бірлігі мәселесін XVIII ғасырда өмір сүрген Андалиб және Азаций сияқты ірі ақындар жырлады. Олар өздерінің Шығыстық сюжетке жазылған дастандары арқылы түркімен халқын ынтымақ-бірлікке шақырды. Мәселен, өзбек шайыры Әлішер Науаи жазған «Ләйлі-Мәжнүн» тақырыбына түркімен ақыны Ғариб Андалиб елді бірлікке үндейтін ғажайып дастан шығарды.

Түрікпен әдебиетінде ақындар айтысының жазбаша түрі ертеректе кең өріс алған еді. Мәселен, Мақтымқұлы мен Дурду Шаһир (XVIII ғасыр) арасындағы, Сеиди (1775-1836) мен Зелелий (1795-1850) арасындағы жазба айтыстардың қоғамдық-әлеуметтік мәні зор еді.

Түркімен әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі – Мақтымқұлы Фраги (XVIII ғасыр) болды.

Молла Непес Қадырбердіұлы (1810-1862) – түркімен халқының атақты ақыны және көрнекті музыканты. Ол лирик, әрі эпик ақын. Ақынның «Іздеп келем сүйген жарды», «Көздерің», «Қыз», «Аңсау», т.б. лирикалық өлеңдері күні бүгінге дейін халық арасында әнге салынып жиі айтылады.

Моллас Непес – Шығыс классикалық поэзиясының нәзира дәстүрін түркімен поэзиясында зор шеберлікпен дамытқан ақын.

Бұған Молла Непестің «Таһир мен Зухра» және «Келмек ем» дастандарында адам бойындағы ізгі қасиет – махаббатты зор шабытпен жырлайды. Ақын оқырманын адамгершілікке, ізгілікке, мейірімдікке, достыққа, ынтымақ-бірлестікке үндейді.

Кемине (1770-1840) – түркімен халқының сатирик ақыны Ақын адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықты, тәкәппарлықты, жалқаулықты, сараңдықты, дөрекілікті, қанағатсыздықты, мақтаншақтықты, т.б. өлтіре сынайды. «Кедей», «Қазына» деген өлеңдерінде ел басқарған әкімдердің қатыгездігін, надандығын әжуа етеді.

Түркімен әдебиеті – эпостық шығармалар мен ертегілерге мейлінше бай болып келеді. Түркімен фольклорында кең, орын алған салалардың бірі Шығыс классик поэзиясының дәстүрлі сюжеттері («Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп пен Зылиха», «Ғариб пен Санам», «Көроғлы», «Такир мен Зухра», т.б.) бойынша Нәзира үлгісімен тың дастандар жазу деуге де болады. XVI ғасырда бірнеше шығармалардан (12 жыр) құрастырылған «Китаб Дәдәм Қорқуд» («Қорқыт ата кітабы») жарыққа шықты. Түркі халықтарына ортақ бұл әдеби мұрада ертедегі сол халықтардың әдет-ғұрпы мен діни сенімдері (шаманизм мен қоса ислам діні) және Кавказ, Азия елдерінің эпостық дәстүрлері бейнеленген. Оның сюжеттік элементтері «Кероғлы» («Көрұғлы», XVI ғ.) эпосында да бой көрсетеді. Хилали Чағатай (XVI ғ.), Мырза Бархудар Түркмен (XVII ғ.) т.б. ертедегі Түркімен ақындары шығармаларын парсы тілінде жазды. Ақын Азади (1700-60) шығармаларын шағатай тілінде жазды. XVIII ғасырдың 2-жартысынан XX ғасырдың басына дейін саяси әлеуметтік жаңа жағдайларға байланысты патриотизм сарыны мен азаматтық әуенде жазылған шығармалар пайда болды.

Түркімен жазба әдебиетінің алғашқы ірі өкілдері Бурхониддин Сивосий мен Саид Насмий (XIVғ.), Бархудар Түркмен (XVII ғ.) сияқты түркімен ақындары өз жырларын сол дәуірдің әдебиет дәстүріне сәйкес парсы тілінде жазды.

Дегенмен, түркімен классикалық әдебиетінің өркендеп: өскен кезеңі негізінен XVIII-XIX ғасырлар болды. Бұл кезде өзара қырықпышақ болып қырқысып жатқан түркімен ру тайпаларының басын қосып, бір орталыққа бағынатын қуатты мемлекет құру міндеті тұрды.

Міне, осы ел бірлігі мәселесін XVIII ғасырда өмір сүрген Андалиб және Азаций сияқты ірі ақындар жырлады. Олар өздерінің шығыстық сюжетке жазылған дастандары арқылы түркімен халқын ынтымақ-бірлікке шақырды. Мәселен, өзбек шайыры Әлішер Науаи жазған «Ләйлі-Мәжнүн» тақырыбына түркімен ақыны Ғариб Андалиб елдегі бірлікке үндейтін ғажайып дастан шығарды. Түркімен әдебиетінде ақындар айтысының жазбаша түрі ертеректе кең өріс алған еді. Мәселен: Мақтымқұлы (XVIII ғ.) мен Дурды – Шаһирдің, Мақтымқұлы – Сеиди (1775-1836) мен Зелилидің (1795-1850) жазбаша айтыстары, Мискинклықтың (1847-1906) өлеңдер циклі Түркімен әдебиетінің жетіліп келе жатқандығын көрсетті. Мақтымқұлы әдебиеттегі жаңа бағыттың негізін қалады. Ол Түркімен әдебиетінде тұңғыш рет өлеңнің «гошпа» (төрттаған) түрін жазып, аруз өлшемін қолданды. XIX ғасырда түркімен лирикасының белгілі өкілі Молланепес (1810-62) шығыс сюжеті негізінде «Таһир мен Зухра» дастанын жазды. Кемине (Мәмедәлі, 1770-1840), Байрам Шаһир (1871-

1948), Кермолла (1872-1934), Молламұрат (1879-1930), Дурды Клыч (1886-1950) әлеуметтік теңсіздікті әшкерелеп, халықтың мұң-мүддесін жырлады.

Кеңес дәуіріндегі түркімен әдебиетінің алғашқы үлгілері Кермолланың («Большевик», 1918), Дурды Клычтың («Мен айтам», 1923, «Байлар», 1924, «Кедейлер», 1924), Буруновтың («Құттықтаймын», 1925) шығармалары болды. Берді Кербабаевтың «Әдет құрбандығы» (1932), Аман-Дурды Аламышевтың (1904-43) «Сона» (1932) т.б. шығармалары әйелдер теңдігіне арналды. 1925 ж. Якуб Насырлының (1899-1958) «25 жылдан соң» повесі шықты. 20 жылдардың 2-жартысында Б. Кербабаев пен Ағажан Дурдыев (1904-47) жаңа тақырыпта прозалық шығармалар жазды. Т. әдебиетінде тұңғыш рет Ата Қаушұтовтың (1903-53) «Қанды орман» (1929), Б. Кербабаевтың «Тирьякеш пен Табиб» (1927) пьесалары жарық көрді. 30 жылдары А. Кекілов (1912-74), Ч. Аширов (1910 ж.т.), Алты Қарлиев (1909 ж.т.), Таушан Эсенова (1915 ж.т.) колхоз құрылысына арналған шығармалар жазды. Проза өркендеп, Хыдыр Дерьяевтің (1905 ж.т.) «Қанды шеңгелден» (1937), Б. Кербабаевтың «Айна мен Артық» (1936) рев. тарихи романдары жарияланды. Қысқа әңгіме жанры қалыптасып, Н. Сарыхановтың (1906-44) новеллалары басылды.

1934 жылы жазушылар одағы құрылды. Түркімен әдебиетінің творчестволық әдісі социалистік реализм болды. 1928 жылдан «Совет әдебиеті» журналы шығып, Түркімен совет әдебиетінің дамып қалыптасуына ықпалын тигізді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ш. Кекіловтің «Иван ағай» (1942), Б. Сейтақовтың (1914 ж.т.) «Қуғындағы қыз», Я. Насырлының «Ерлік» (1942), Б. Кербабаевтың «Құрбан-Дурды» (1943) поэмалары т.б. жарияланды. 50 жылдары Түркімен әдебиетіне Ата Атажанов (1922 ж.т.), Мамед Сеидов (1925 ж.т.), Аллаберды Хайдов (1929 ж.т.), Шахер Боржақов (1929 ж.т.) т.б. жас әдебиетшілер келді. Гусейн Мұхтаровтың (1914 ж.т.) «Алланың семьясы немесе семьяның намысы» (1951 ж. қойылды), «Күміс портсигар», Қ.Сейтліевтің «Жақан» пьесаларында жаңа еңбек, интеллигенттер өмірі көрсетілді. Б. Кербабаев «Алып адым» эпопеясының 2-3 кітаптарын (1947), «Ғажайыптан туылғандар» (1965) романын жазды. 60-70 жылдары прозада Бердіназар Құдайназаровтың «Далалықтар» (1970), Клыч Кулиевтің (1915 ж.т.) «Қара керуен» (1971), А. Атажановтың «Кремни» (1971), Б. Сейтақовтың «Ағайындар» (1-3-кіт., 1960-70), Х. Дерьяевтың «Тағдыр» (1-4 кіт., 1960-71) романдары, Арап Құрбановтың (1927 ж.т.), Ораз Ақмамедовтың (1930 ж.т.) т.б. повестері мен әңгімелері басылды.

Түркімен әдебиетінен Б.Кербабаевтың «Ақ алтынды аймақтың Айсолтаны» (1952) повесі, «Алып адым» (1-2-кітап, 1962-63) романы, Мақтымқұлының «Таңдамалы өлеңдері» (1947, 1959, 1960), «Түркімен жырлайды» (1963), «Түркімен әңгімелері» (1969) атты жинақтар т.б. шығармалар қазақ тілінде жарық көрді.

Мақтымқұлы (шын аты, лақап аты – Фрачи, т.-ө.ж. белгісіз) – 18 ғ-да өмір сүрген, түркіменнің классик ақыны. Азади Дәулетмамбет ақынның баласы. Мақымқұлы ауыл мектебінде, кейін Хиуадағы Шерғазы медресесінде оқыған. Орат Азия, Азербайжан, Иран халықтарының ауыз әдеиеті нұсқаларының жастайынан бастпа, жатқа білген. Оның поэзиясындағы өзекті тақырып – адамгершілік, өлеңдерінде халықты бірігуге, ру ала алауыздағын жоюға Иран шаһы мен Хиуа ханы, Бұхара әмірі сияқты басқыншыларға қарсы күреске, ерлікке үндейді. («Керекті», «Ер», «Болмаса» т.б.) ел ішіндегі бек, қазылар мен молдаларды, жол Қаулық пен тоғымарлықтың сынады («Түркімен» т.б.) Мақтымқұлы бұхара халық, туған ел туралы толғаулары арқылы озық ойлы философ ақын ретінде де көзге түсті. әдет-салт хақында жаңа гуманистік мәселелер көтерді. («Тау санар», «Қарамас», «Кетіп барады», «Болмаса» т.б.). Мақтымқұлы жырлары – халық даналығынан, ауыз әдебиетінен нәр алған жаңа үлгідегі поэзия. Ол араб-парсы поэзиясы үлгісін (арузды) қабылдамай, халық өлеңінің өлшемін падаланды. өлеңдерін халықытық тілмен жазды. Мақтымқұлы шығармалары халық арасына кең тараған. 18 ғ-да оның бірсыпыра өлеңдерін Ф.Шопенинг пен А.Ходза (1842), Г.Вомберн (1863). Батыс Европада жарияланды. М.шығармалары қазақ тілінде шықты.

1861 жылы өзінің Қазан қаласындағы досы, тарихшы-этнограф А.И.Артемовке жолдаған хатныда орыстың атақты жазушысы Салтыков-Щедрин былай деп жазады:

«Осынау талантты.. . Фрачи маған шығыстың Шиллері сияқты болып көрінеді. Мен осы Александр Сергеевичпен (Пушкин туралы) қатар қоюдан қорықпаймын. Оның творчествосына ірі баға беру үшін арабшадан жасалған азғантай үзіндіге сүйсіну мүлде жеткіліксіз. Солай бола тұрса да, Мақтымқұлы мен үшін аса үздік талант екені күнәнсіз».

Мақтымқұлы шығармаларына чуваш әдебиетшісі, тарихшы Спиридон Михайлов та, татар жазушысы Қапан Насыри де сүйсіну сезімін білдірген. Кейбір мәлеметтерге қарағанда Мақтұмұлы поэмаларынжа Л.Н.Толстой да ықылас аударған.

Қазақ арасына Мақтымқұлы есімі ертеден мәлім дей аламыз. Туысқан түркімен халқының ұлы ақыны ойшылы, түркімен әдебиетінің классигі Мақтымқұлы ХҮІІІ ғасырда өмір сүріп өткен ақын.Оның өмірбаянын зерттеуші адамдардың айтуына қарағанда, Мақтымқұлының әкесі Дәулетмәмбет. Азади деген кісі өз тұсында атақты ақын, ғалым болғн көрінеді. Солай болғандықтан, Мақтымқұлының өлең-сөзге бола күнінен үйір болып өсуі әдбен мүмкін нәрсе.

Мақтымқұлының ақындыққа неше жасынан бастап араласқанын дәлме-дәл айту қиын. Дегенмен, ол қалдырып кеткен мұра сан жағынан да, сапа жағынан да ауыз толарлықтай. Мақтымқұлы жазған өлең сондай екен. Бұл шығармаларының ішінен өлеңнің әр түрін кездестіруге болады: батырлық жайын айтатын өлеңдер лирикалық философиялық, сатиралық

өлеңдер, өмірбаян жайын қозғайтын өлеңдер, публицистикалық толғаныстар.

Заманның озғын ойлы, данышпан ақыны өзінің поэзиялық шығ-нда туған халқының өміріні кеңінен қамтып, мейлінше толық көрсетеді. Халықтық тұрмыс-күйі, туып өскен жерге махаббаты әділеттікті ақсауы,еркін өмірге құштарлығы қанаушыларынан өзіне лайық орын алады.

Ол заман түркімен халқы үшін қытымыр, қиын заман еді. Ру алалыға күшті, өз мемлекеті жоқ түркімендердің бір бөлігін Бұхар хандығы билесе, енді бір бөлігін Хиуа хандығы билеп төстейтін. Бұлардың үстіне, түркімен халқына Иран шахтары мен байлары да көз алартып, қысым көрсетіп отыратын.

Түркімен халқы осындай сыртқы тепкімен қабат. өз ішіндегі хан, сұлтандардан да көп жапа, шегіп, азап тартқан шақ еді. Бірақ бостандық, әділеттік сүйгіш халық соның бәріне қарсы аянбай алысты.

Мақтымқұлы туған халқының жаңағыдай халге ұшырағанын өз көзімен көрген ақын. Сол ауыр бейнетті өзінің де бейнеті санап, зхалық қайғысына ортақ болған. «Ол өз өміріне қарап халықтың, халық өміріне қарап өзінің өмірін көрген».

Оның поэзиясының халықпен бірге өсіп біте қайнасуы, өзінің таңдаулы шығармаларында еңбекші халық тұрмысының реалистік суреттерін шебер беруі Мақтымқұлын шын мағынасындағы ұлы ақын етеді.

Ол халық қуатына, ел күшіне әбден сенген адам. Мұны оның «Елімен», «Менімен», «Көздер», «Жар керек» сияқты өлеңдерін көріге болады. Бірқатар жырларында ол ер ірегі ел деген пікір айтады:

Биік тауға бұлт төнсе,
Сарқылады сел деген
Ер басына іс келсе,
Ақылдасар елменен!-

Туған жерді, ел-жұртты сүю керек, сол үшін қызмет ету керек, сол үшін қызмет ету керек. Адам өмірінің мағынасы осы. Соны түсіну керек.

Мақтымқұлының жастарға айтатын ақыны да отаншылдық сарында болып келеді:

Ерлер өлер ел үшін
Жанын қияр көп үшін.
Ер жігітке ол үшін.
Намыс керек, ар керек.

Адам елмен адам. Елсіз оның күні жоқ деген идеяны ол бісыпыра өлеңдерінде баса айтады. Мақтымқұлы әділетсіздікке қарсы алысып, поэзиясын хандарға, бектерге қарсы қару етіп жұмсаған ақын. «Қалмады», «Бастады», «Бар шығар», «Келмес пе»сияқты өлеңдері осыны аңғартады. «би мен бегі жегіш, парақор» зұлымдықты шеней отырып, ақыры бір жақсылық келер деген үміт білдіреді.

Дүние сенің бір бұл емес келгенің,
Қып-қызыл қан тістеріңді көрмегін.
Құтшы үңгіген аясын сенің ермегін,
Көңіл сергіп, жылаған бір күлмес пе?

Әлдінің әлсізге, күштінің нашарларға озбырлық жасап, тізе көрсетіп жватқаны көрген ақын қаламының өткір ұшын озбырларға қолдайды. «Қайда барсаң халық үстінде қолың сор» екенін айта келіп:

Залымдардың жұртқа сырты қабарып,
Қамшысынан қаны толы бастады,-

деп зорлық-зомбылық дүниесінің өкілдерін суреттейді.

Мақтымқұлы жинағында «айрылдым», «Сұлу» сияқты, жүрек түпкірінен қайнап шыққан, нәзік сезім күйін білдіретін әдемі, сыршыл өлеңдер де бар. Мақтымұлы шығарамалырындағы ақын Ғали Орманов 1947 жылы аударды. Кейін бірқатар өлеңдерін Ғафу Қайырбековте қазақшалаған.

Түркімен жазба әдебиеті көне дәуірден басталады. Ең көне үлгілері – Ғалидың ізгі махаббаты жырлаған «Жүсіп және Зылиха» (13 ғ-дың басы) поэмасы мен авторы белгісіз діни-эпикалық «Кесікбас» («Кисекбаш») жыры, «Сопыларға өсиет» атты дидактикалық шығарма т.б. сондай-ақ Алтын Орда дәуірінде жазылған. Құтбтың (14ғ) «Хұсрау және Шырын» (1342) поэмасы мен Хорезмидің «Махаббат кітабы»(1354), беріректегі Махмұт Бұлғаридің «Жұмаққа жолы» (1370) мен Мұхамедиярдың әр алуан поэмаларын (16ғ.) атауға болады. Феодализм дәуіріндегі татар жазба әдеиеті суфизмге негізделген діни-дидактикалық сипатта дамыды. Мұның өкілдері: Мавля Кули (17ғ.2-жартысы), Утыз Имяни (1754-1834), Шамсетдин Заки (1825-65) және т.б. болды. 18 ғасырдағы әдебиетте саяхатнамалар (Ғали Чокри, 1826-89) басым болса, 19 ғасырда діни мадақ өлеңдер, хат, әңгімелердің авторларымен қатар, Әбділманих Ғабдессалям – Қарғалы (1782-1828), Ғабделжаббар Қандали (1797-1860), Мифтахетдин Ақмолла (1831-95), Яков Емельянов (1848-99) тәрізді татардың реалистік поэзиясының қалыптасуына елеулі үлес қосқан бір топ ағартушы ақын-жазушылар әдебиет майданына келді.

XIX ғасыр әдебиетінде мұсылмандық схоластикаға қарсы ағартушы-демократиялық бағыт кең өріс алды. Бұл тұста Әбунасыр Курсави (1776-1818) бастаған антифеод. Күресті Шигабутдин Маржани (1813-89) одан әрі жалғастырады. Каюм Насыри (1825-1902) өзінің әдеби, ғылыми пед.еңбектерімен татардың қазіргі әдеби тілінің негізін қалады. Ақмолла, Загир Бигеев (1870-1902), Ғадірахман Ильяси (1856-95), Фатих Халиди (1851-1923) шығармаларында адамгершілік, ізгілік пен зұлымдық, надандықтың бітіспес күресі сипатталады. Закир Хади (1863-1933), Шакир Мұхаммедов (1865-1923) бастаған бұл күрес 20ғ-дың басындағы әдебиетте революциялық-демократиялық бағытқа келіп ұласты. 1905-07 жылдардағы төтұсында татар төңкеріс тілінде газет, журналдар шыға бастады, әдеби-

сын, революциялық публицистика дамыды. Дәл осы тұста бүкіл халықтық демократиялық қозғалысқа Ғабдулла Тоқай (1886-1913), Ғалымжан Ибрагимов (1887-1938), Мажит Ғафури (1880-1934), Ғ.Камал (1879-1933), Ф.Амирхан (1886-1926), Ш.Камал (1884-1942) тәрізді ақын, жазушылар жігерлі үн қосты. Рев.-демокр. идеология мен либералдық-буржуазия күшейе түсуі пролет.әдебиеттің тууына жол салды. Бұл жағдай жазушы Ғ.Құлахметов (1881-1918) творчествосынан айқын көрініс тапты. Әдебиетке С.Рамиев (1880-1926), З.Ярмаки (1890-1965), Ш.Бабич (1895-1919), Мұхаммед Ғали (1893-1952), Ф.Валиев (1892-1914), М.Файзи (1891-1928), К.Тинчурин (1887-1947) тәрізді ақын, жазушылар қосылды. Азамат соғысы жылдары әдебиет майданына Ш.Усманов (1898-1937), М.Мақсұт (1900-62), Қ.Нажми (1901-57), Мұса Жалил (1906-44), Х.Такташ (1901-31), А.Шамов (1901ж.т.), Б.Рахмат (1897-1957) тәрізді жауынгер жазушылар келіп қосылды. Татар кеңес әдебиетінің 20-жылдардағы туындылары Ғ.Ибрагимовтың «Қызыл гүлдар» (1922) повесі мен «Терең тамырлар» (1928) романында, Ш.Камалдың «Таң сәриде» (1927) романы мен Қ.Нажмидың «Шұғылалы соқпақ», «Күн астындағы жаңбыр» (1930) повестреніде, сондай-ақ Ф.Бурнаш (1898-1946), Х.Туфан (1900 ж.т.) шығармаларында жаңа өмірдің жалынды күрескерлерінің бейнелері жасалып, дәір көріністері эпикалық сипат алды. 30 жылдары татар әдебиетінде соц.реализм қалыптаса бастады. Еңбек, ұжымдастыру, өндіріс тақырыбы өз шешімін тапты. Осы тұста Ш.Камалдың «Жақсылық пайда болғанда» (1937), М.Ғаляудың (1887-1938) «Мұхаджар» (1934), М.Амирдің (1907 ж.т.) «Ақ Еділ»(1936), Ғ.Башировтің (1901ж.т.) «Сиваш» (1937) роман, повестері жарық көрді. Бұл кезең әдебиетінен адамның рузани өмірін филос.мәнмен жырлайтын А.Файдидің (1903 – 58) «Флейталар» поэмасы мен «Тоқай» драмасы елеулі орын алды. Әдебиеттің өзге жанрлары да даму, өрлеу үстінде болды. Комедия жанрларында К.Тинчурин (1887-1947), Хұсни, Н.Исанбет (1900ж.т.) тәріздес жазушылар көзге түсті. Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген ақын, жазушылар майданға аттанып, жауға қарсы күресте қаламымен де, қаруымен де қажырлы еңбек етті. Мұса Жалил, Ф.Карим, С.Хаким (1911 ж.т.), М.Садри (1903 ж.т.), З. Нұри (1921ж.т.), С.Баттал (1925ж.т.) жырлары мен Нәжми, Ғази, Х.Усманов (1908ж.т.), Т.Гиззат (1895-1955). Н.Исанбет (1900ж.т.) шығармалары соғыс жылдарының әдеби жылнамасына айналды. Мұса Жалилдің «Маобит дәптері» кейін тарихи өшпес даңққа бөленді. Соғыстан кейінгі дәуір әдебиетінде бейбіт кезең мен коммунизм орнату жолындағы қажырлы еңбек тақырыбы кең орын тепті. Бұл кезеңде қысқа әңгіме, повестремен қатар эпикалық туындылар да бой көрсете бастады.

Қ.Нәжмидің «Ескек жол» немес «Көктем желі» (1948), Башировтың «Намыс», Абсалямұлының «Ғазинұр» (1953), Ғазидің «Ұмтылмас жылдар» (1-3кіт., 1949-66), Әмірдің «Таза жаны» (1-2бөл., 1954-60) мен т.б. көптеген туындыларда замандас бейнесі жасалды. Бұл жайт драматургия саласындағы Ишмұратовтың «Дауылға қарсы» (1964), Исанбеттің «Мұса», (1956), Әмірдің «Бостандық» (1960), Ш.Хұсайыновтың «Зүбайда – адамзат баласы» (1965), Х.Вахиттің (1918ж.т.) «Алғашқы махаббат» (1960) атты шығармаларынан да жақын көрініс тапты. Балалар әдебиеті дамыды. 60 жылдары И.Юзеев (1933ж.т.), Ш.Ғалиев (1928 ж.т.) Э.Мәліков (1921ж.т.), С.Сүлейменова (1926ж.т.), Р.Файзуллин (1943ж.т.), Р.Харисов (1941ж.т.), Н.Фатах (1928ж.т.) Э.Қасимов (1930ж.т.), Ю.Аминов (1924), С.Шүкіров (1918ж.т.), Т.Минуллин (1935ж.т.) және т.б. көптеген жастар келіп қосылды.

Сын мен әдебиет тану ғылымы да өсіп өркен жайды. Танымал ақын, жазушылар творчествосы мен әдебиет тарихына арналған бір топ монографиялар жарық көрді. «Татар совет әдебиетінің тарихы» жазылды (1965). Бұл іске Х.Усманов (1908ж.т.), М.Ғайнуллин (1903ж.т.), Ғ.Халит (1915 ж.т.)Б.Ғиззат (1918ж.т.), Ғ.Кашшаф (1907ж.т.), Х.Хайри (1910ж.т.), Р.Бикмұхамедов (1928ж.т.), Н.Юзеев (1931 ж.т.), Р.Мұстафин (1931ж.т.) және басқалар қатысты. Татар әдебиетінен қазақ тіліне Ғ.Тоқайдың «таңдамалы шығармалары» (1952,1975), «Жезтырнақ» (1957), «Шөрәлі» (1966) атты жинақтары, Ғ.Ибрагимовтың «терең тамырлар» (1936), «Қазақ қызы» (1960), «Біздің күндер» (1971), Нәжми Қауидің «Көктем желі» (1952), Хусни Фатихтың «жаяудың соқпағы» (1960) романдары, Жалил Мұсаның «Жырларым» (1955), «Соғады жүректері»(1966), И.Салаховтың «Көкшетау жырлары» (1961) жинақтары, Ш.Усмановтың «Торғай даласында» (1972) повестер мен әңгімелер жинағы, Исанбет Нәкидің «Мұса Жалил» (1962) трагедиясы т.б. шығармалары аударылған.



ТҮРІК ӘДЕБИЕТІ

Түркия Республикасының негізгі халқы – түріктердің әдебиеті туралы айтудан бұрын осы мемлекеттің өзі жайында қысқаша мәлімет бергеніміз жөн сияқты.

Түркия Республикасы – Батыс Азия мен Оңтүстік Шығыс Еуропадағы мемлекет. Территориясы негізінен (97 процентке жуығы) Кіші Азия түбегіне, яғни Анадолы (Анатолия) жеріне орналасқан.

Халқының саны 40,2 млн. (1975 ж.) халқының 90 проценттен астамы – түріктер. Мемлекеттік тілі – түрік тілі. Ресми діни нанымы – ислам діні. Астанасы – Анкара қаласы.

Мемлекеттік құрылысы жағынан Түркия – Республика. Мемлекет және үкімет басшысы – президент. Бірден-бір заң шығаратын жоғарғы өкімет органы – екі палаталы парламент.

Түрік халқының ұлт-азаттық күресін (1918-1922) басқарып, туған елін сан ғасырларға созылған сұлтандар әулетінің езгісі мен империалистік мемлекеттердің қанауынан құтқарған – Мұстафа Кәмәл Ататүрік (1881-1938) еді. Ататүрік бастаған күрестің нәтижесінде Батыс үлгісіндегі, Еуропалық сипаттағы демократияға негізделген бүгінгі Түркия Республикасы дүниеге келді (1923 ж. 29 қазан). Оның тұңғыш президенті Ататүрік болды.

Түрік халқының алдындағы орасан зор еңбегі ескеріліп, Ұлы Ұлттық Мәжілістің (парламенттің) арнайы қаулысымен Мұстафа Кәмәлға 1934 жылы «Ататүрік» (Түріктердің атасы) фамилиясы берілген.

Түркия Республикасы мен Қазақстан арасындағы мәдени, әдеби, саяси, экономикалық байланыстар күн сайын арта түсуде. Бұл игі іске екі елдің президенттері Сүлеймен Демирел мен Нұрсұлтан Назарбаев мол үлес қосып келеді.

Түрік әдебиеті өзінің қайнар-бастауларын бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ әдебиет – ежелгі түркі әдебиетінен алады.

Түрік қағандығы (552-745 жылдар) тұсында өмірге келген «Күлтегін» батыр туралы жыр, VI-IX ғасырлардың әдеби мұралары – «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме», Әбу-Насыр Әл-Фараби өлеңдері: X-XII ғасырлардағы әдебиет үлгілері – Махмұд Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны, Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмат» («Даналық кітабы»), т.б. ежелгі мұралар түрік жазба әдебиетінің де алғашқы бастаулары болып табылады.

Сонымен бірге, XV-XVII ғасырлар түрік поэзиясының дамуындағы классикалық дәуір саналады. Бұл кезде Түрік әдебиетінің дамуына, әсіресе, Месехи (1470-1514), Михри Хатун (1456-1514), Махмұд Бақи (1526-1600) сияқты ақындар мол үлес қосты.

Түрік әдебиетінде XVIII ғасырда сопылық бағыттағы поэзия мейлінше дами түсті. Бұл бағыттағы ең көрнекті туынды – Шейх Галптің (1757-1799) («Сұлулық пен махаббат» поэмасы еді. Бұл кезде түрік әдебиетінде жаңа жанрлар (драма, новелла, роман) пайда болды. Түріктің жаңа әдебиетін дамытуға Ибраһим Шинаси (1826-1871), Намық Кемал (1840-1878), Шемсеттын Сами (1850-1904), Ахмет Мидхат (1844-1913) сияқты қаламгерлер атсалысты.

Абдулхақ Хамид Тархан (1952-1937), Реджаизаде Экрам (1847-1913), Тевфик Фикрет (1867-1915) сияқты сөз зергерлері түріктің көркем сөз өнеріне көптеген жаңалықтар енгізді.

Ең бастысы – түрік және қазақ әдебиеттерінің тарихи тамыры ортақ, ал шыққан тегі, яғни қайнар-бастауы бір екенін ескергеніміз жөн.

Түркі халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті. Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан, әрине, ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана есіне сақтап және ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, жеке авторлар шығарған әдеби туынды кейіннен өңделіп, сұрыпталған, оған ұжым болып творче-стволық өзгерістер енгізіп отырған. Бертін келе ондай шығармалар көпшіліктің еңбегіне, яғни халықтың ауызша шығарған әдебиетіне айналып кеткен. Ауыз әдебиетін фольклор деп те атаймыз. Фольклор – ағылшын сөзі. Ол – халық творчествосы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды береді. Фольклор дүние жүзіндегі халықтардың бәрінде бар. Ал халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайды.

Ауыз әдебиеті – ертеден келе жатқан мұра. Бұл жөнінде орыс халқының ұлы сыншысы В. Г. Белинский «әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы» туралы жазған еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп, ауыз әдебиеті халықтың ерте замандағы ой-санасының жемісі деп көрсетеді. «Халық немесе тайпа жазу

өнерін білмеуі мүмкін, бірақ оның поэзиясы болмауы мүмкін емес, әдебиетінің тым ерте кезде, халықтың жазу-сызу өнері болмаған заманда туғандығын дәлелдейді. Бұл расында да солай. Қай халықты алсақ та, оның көркем әдебиеті ауыз әдебиетінен басталады. Демек, ауыз әдебиеті болмаған, бірден жазба әдебиетін жасаған халық бұрын-соңды тарихта кездеспейді.

Әдебиеттік жағынан алғанда, қазақтың ауыз әдебиеті де әр алуан. Халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты туған шығармалар, мақал-мәтелдер, аңыз, ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері т. б. қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрі болып табылады, әрине, ауыз әдебиетінің барлық түрі бір мезгілде тұмаған және олардың тууына себеп болған жағдайлар да біркелкі емес, әркелкі. Бірақ бұл мәселе, яғни қазақ ауыз әдебиетінің қай кезде қандай түрі туғандығы, ғылымда әлі күнге дейін дәлелденбей келеді. Әйткенмен өткен кезде орыстың және шетелдердің бірсыпыра ғалымдары ауыз әдебиетінің шығу жайына біраз көңіл аударып әр түрлі пікірлер айтқан-ды. Олар ауыз әдебиеті қалай туды, қалай дамыды деген мәселені өздерінше баяндап, әр алуан теориялар шығарған-ды. Бұл теориялардың қазақ ауыз әдебиетіне тікелей қатысы болмаса да, жалпы ауыз әдебиетін зерттеуде алған орны да бар еді. Сондықтан бұл теориялардың кейбіреулеріне шолу ретінде қысқаша тоқтай кетелік.

Өткен ғасырдың орта шенінде Батыс Европада, Ресейде ауыз әдебиетін зерттеген буржуазияшыл ғалымдар «мифтік теория» дегенді ойлап шығарды. Бұл теорияны XIX ғасырдың 50-60-жылдарында орыстың Ф.И.Буслаев, Ф.Миллер, А.Н.Афанасьев секілді ғалымдары қолдап, ауыз әдебиеті дінге, діни ұғымдарға, әр түрлі мифтерге байланысты туды және ауыз әдебиетінің алғашқы кейіпкерлері құдайлар болды деп қарады. Ауыз әдебиетін жасауда адамдардың саналы рөлі болған жоқ, ауыз әдебиетін құдайлардың өздері туғызды, адам баласы құдайлар жасаған мифтерді ауыз әдебиетіне қосушы ғана болды және оны өзгертпей, бергі заманға алып келді десті. Сөйтіп, идеалистік көзқарасқа негізделген «мифтік теория» ауыз әдебиетінің шығу тегін ашып бере алмады. Экономиканың, қоғам өмірінің ілгерілеп дамуына қарай ертедегі мифтік ұғымдар да, наным-сенімдер де өзгеріп, жаңарып отыратынын және олардың жоғалатынын «мифтік теорияны» жақтаушылар мойындамады және мойындағысы келмеді.

Ауыз әдебиетінің шығуы жайында өткен ғасырдың екінші жартысында батыста тағы бір теория пайда болды. Бұл “ауысып алу” (“теория заимствования”) деп аталды. Оны Ресейде А.Н.Пыпин, В.В.Стасов, А.Н.Веселовский т. б. ғалымдар қолдады. Ауыз әдебиетін басқа елдердің ауыз жағынан салыстыра зерттеді және әр ұқсас келетін сюжеттерге айрықша нәтижесінде, бір елдің ауыз әдебиетінде екінші бір елдің әдебиетінен ұшырай олар бір-бірінен ауысып алған деп алулар әр түрлі қарым-қатынас, жасалған дейді. Мәселен, Веселовский орыстың батырлар

жырының сюжеті Батыс Европадан оны тек Батыс емес, Шығыс дәлелдейді. Орыс халқы Шығыс елдері ауыз әдебиетінен көп сюжет алған деген пікірді Стасов та кейіннен Потанин де баса көрсетеді баса көрсетеді. Орыстың батырлар жырында Илья Муромецтің өз баласымен соғысатыны айтылады. Мұны «ауысып алу» теориясын қолдаушылар Шахнамадан келген сюжет деп қарады. Сөйтіп, олар әрбір халықтың творчестволық қабілетін жоққа шығарады. Олардың ойынша бірде-бір халық өз тарапынан шығарма тудыра алмақ емес тек даяр сюжетке ие болады сол сюжетті өз тілінде жырлайды және олардың мұндай шығармалары бір елден екінші елге ауысып отырады мекені жоқ сюжетке айналады.

Екіншіден, бір халықтың ауыз әдеби тегісінде немесе батырлар жырында к басқа бір халықтың ауыз әдебиетіне ұқсас Мұндай ұқсастық скі халықтың, кейде бірнеше халықтың жаңағы сюжеттерді бір-бірінен ауысып алғандығынан бола бермейді. Ондай ұқсастық экономиканың тұрмыс-тіршіліктің қоғамдық өмірдің ұқсастығынаң туады. Бір-бірімен ешқандай қарым-қатынас жасамаған шалғай жатқан халықтардың ауыз әдебиетінде ұқсас сюжеттердің болу себебі міне, осыған байланысты. Бұған кезінде Г.В.Плеханов та айрықша көңіл аударған болатын. Ол өзінің «Адрессіз хат» дейтін еңбегінде ауыз әдебиетіндегі сюжет ұқсастықтарын халықтардың тұрмыс-тіршілік, шаруашылық, қоғамдық жағдайларының ұқсастығынан іздейді. Осы ретте мысалға Манас пен Қобыланды батыр жайындағы жырларды алайық. Мұның бірі – қырғыздың, екіншісі – қазақтың жыры. Осы екі батырдың туысын жырлауда үлкен ұқсастық бар. Мәселен, Манастың әкесі Жақып баласыз адам болады. Көп уақыт оның еліне жау шабуылдап күн көрсетпейді. Жақып құдайдан бала тілейді, жауға қарсы күресетін, ел қорғайтын ұл бер дейді. Ал Қобыландының әкесі Тоқтарбай да осындай. қызылбастардан қысым көре берген Тоқтарбай құдайдан басқыншылардан елді қорғай алатын бала бер деп жалбарынады.

Сырт қарағанда бір-біріне өте ұқсас келетін бұл сюжетті қазақ ақындары қырғыздан немесе қырғыз жыршылары қазақтан алған секілді болып көрінеді. Шынында олай емес. Бұл сюжет осы екі халықтың ертедегі өмірінен алынады. Тарихи деректерге қарағанда, қазақ пен қырғыз елі көп уақыт шетелдік басқыншылардың шабуылын көрген. Сондай жағдайда басқыншыларға қарсы аттанып, жаудан ел-жұртын қорғап қаларлық ұлды қырғыз да, қазақ та арман еткен. Мұны олар өздерінің жырына да қосқан. Осы бір мысалдың өзі-ақ сюжет ұқсастығы «ауысып алу» нәтижесінде тумайтындығын, ол халықтардың тұрмыс-тіршілік, қоғамдық жайларының ұқсастығына байланысты болатындығын көрсетеді. Рас, ерте заманнан бастап әр түрлі шаруашылық, мәдени қарым-қатынастар жасаған және көршілес отырған халықтардың бір-біріне әдебиеттік әсер ететіні болады. Мысалға қазақпен туыс, ағайындас қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ халықтарын алайық. Бұлардың арасында туысқандық қарым-қатынас ертеден келе жатыр. Олардың әдебиеті бір-біріне әсер еткен, өзара кейбір сюжетті «ауысып алған» жайы да бар. Бұған

қарап, аталшн халықтардың өзіндік таланты, творчестволық қабілеті жоқ, тек бір-бірінен сюжет алып отырған, сол сюжеттерді ғана жырлап өткен деуге болмайды. Олардың әрқайсысы үлкен талант иесі, ауыз әдебиетінің неше алуан әдемі үлгілерін тудырған және ондай творчестволық іс қолынан келетін халықтар. Откен ғасырдың ақырынан бастап төңкеріске дейінгі дәуірде ауыз әдебиетін зерттеу жөнінде жоғарыда аталғандардан басқа тағы бірнеше теориялар болды. Соның ішінде ауыз әдебиетінің шығу жайын тексеруде басқа теорияларға қарағанда аз да болса ғылыми негіз бары – «тарих мектебі» деп аталған еді. Оның негізін салушы орыс ғалымы В. Ф. Миллер – ауыз әдебиетін, әсіресе орыстың батырлар жырын көбірек зерттеген адам Көп жылғы зерттеу еңбегінің қорытындысы етіп, ол 1897 жылы «Орыс ауыз әдебиеті жайындағы очерктер» деген кітабын шығарды. Осы еңбегінде В. Ф. Миллер орыстың батырлар жыры монғол басқыншыларының шабуылына байланысты туды деп қарайды. Бұл пікірін ол тарихи материалдар, деректер келтіре отырып дәлелдейді. Батырлар жырын тарихта болған оқиғалардың айнасы, соның документі деген қорытынды жасайды.

Ауыз әдебиетін, соның ішінде батырлар жырын зерттеуде басқа теорияларға қарағанда «тарих мектебінің» пікірлерінше ауыз әдебиеті халықтың өміріне, тарихына байланысты, туады деуі бұрын айтылмаған тың пікір болатын әйткенмен, ауыз әдебиетін түгелімен өткендегі тарих және оның документі деп қарау қате айтылған пікір еді. Рас, халықтың тарихынан елеулі орын алған оқиғалар әдебиетке әсерін тигізбей қоймайды, кейде ол әдеби шығармалардың тууына себепші де болады. Бірақ та ауыз әдебиеті тарихи оқиғаларды өз қалпында, болған күйінде жырлай бермейді,, Тарихи фактілерді негізге ала отырып, оны ақындық қиял арқылы құбылтып жырлайды, суреттеп көрсетедр кейде асырып, кейде әсірелеп елестетеді, ауыз әдебиеті тарихи оқиғаларды сурет арқылы бейнелейді. Олай болса ауыз әдебиетін тарихтың өзі, соның документі деуге де болмайды.

Сөйтіп, ауыз әдебиетінің туу, қалыптасу жайын буржуазияшыл ғалымдар дұрыс түсіндіріп бере алмады. Бұл мәселені тек марксизм-ленинизм іліміне сүйенген қазіргі ауыз әдебиеті ғылымы ғана толық шешіп берді. қазіргі ғылым ауыз әдебиеті адамдардың еңбек, кәсіп етуіне, тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне және оның дамуына байланысты туғандығын дәлелдеді. Ауыз әдебиеті халық өмірімен тығыз байланыса отырып, оны жан-жақты суреттейді, әр түрлі бейнелеу арқылы елестетеді. әрине, бұдан ауыз әдебиеті бірден дамыған деген ұғым тумайды. Оның кейбір үлгілері ескі дәуірде, рушылдық қоғамда туған; бертін келе – қоғамдық, экономикалық жағдайлардың, адам баласының дүние танудағы ой-өрісінің ұлғайып өсуіне қарай ауызәдебиеті де дамып отырған. Демек, халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік көзқарасы т. б. ауыз әдебиетінің тууына және қалыптасып дамуына әсер еткен, мазмұн берген. Сондықтан да ауыз әдебиеті өзінің даму жолында талай тарихи

дәуірлерді басынан кешірген, талай таптық, қоғамдық тілектер мен көзқарастардың елегінен өткен әрбір қоғамдық құрышыс, таптық тілектер ауыз әдебиетінің идеялық бағытына, мазмұнына ықпал жасаған, әрқайсысы өздерінің мүдделеріне сәйкес ауыз әдебиетін ту-дырған, оны пайдаланып отырған.

Ауыз әдебиетінің бұл айтылған түрлері, әрине, бір мезгілде туып, бірден қалыптасқан жоқ. Әрқайсысының шығу, өсіп-өркендеу тарихы, ұзақ уақытқа созылған даму жолдары бар. В.Г.Белинский жоғарыда аталған еңбегінде және «әдебиеттің түрлері» мақаласында ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасында елеулі айырмашылықтар барлығын көрсетеді. Оның айтуынша: ең басты айырмашылық шығарманың авторы белгілі болу-болмауында. Осыған байланысты, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмасы жөнінде В. Г. Белинскийдің бір пікірін келтірейік. Ол былай дейді: «Ауыз әдебиетін алатын болсақ, оның жұртқа аты белгілі авторы болмайды, өйткені қашан да болса, ауыз әдебиетінің авторы халық болады. Халықтың немесе бір тайпаның жас шағында ішкі және тысқы тіршілігін ешбір боямасыз айқын көрсететін қарапайым, үстіртін аңғал өлең-жырларын шығарған кімдер еді, оны ешкім білмейді... Ал әдебиетті алсақ, ол мүлде басқаша болады: оның шығарушысы халық емес, оның авторлары – халық рухының әр алуан жақтарын өзінің ақыл-ойы арқылы білдіретін жеке адамдар, жеке адамдар әдебиеттегі өздерінің праволарын толық өз қолына алады, сөйтіп, әдебиет дәуірлері сол жеке адамдардың аттарына байланысты болып белгіленеді». Белинский бұл пікірін «Әдебиеттің түрлері» және «Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы» туралы жазған еңбектерінде де айтады. Ұлы сыншының пікірінше ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің арасындағы басты айырмашылықтың бірі жеке авторлардың болу-болмауына байланысты. Және де дәуірінің, бүкіл халықтың рухын білдіретін жеке авторлардың шығуы экономиканың дамыған, қоғамдық ой-сананың ұлғайып өскен кезінде болады, экономиканың дамуы мәдениеттің, техниканың өсуіне ықпал жасайды, жазу өнерін шығарады, кітап басу ісінің тууына әсер етеді, осыдан былай жеке авторлардың шығармалары жұртқа жазу үлгісінде, баспа арқылы тарайтын болады дейді.

Демек, жазба әдебиеттің қандай туындысын алсақ та оның авторы белгілі болады. Соған қоса оның өмірбаяны, шығармаларының қашан, қандай тақырыпқа арналғандығы, қай кезде баспа жүзіне жарияланғаны т. б. көпшілікке мәлім болып отырады. Ал ауыз әдебиетінің авторлары белгісіз болады. Бұдан, әрине ауыз әдебиетінде автор болмайды деген ұғым тумайды. Онда автор болған. (Мәселен, «Ер Төстік», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Алдар Көсе», «Қобыланды батыр» т. б. сияқты ертегі, әңгіме, жырлардың қайсысын болса да әуел баста жеке авторлар шығарған. Бірақ ол кезде жазу-сызу өнері болмағандықтан авторлардың өмірбаяны, аты-жөні сақталмаған. Ал шығармалары ауызша айту түрінде туып, ел арасына ауызша айту ретімен тарап кеткен. Олардың авторы халықтың өзі

болған. Ауыз әдебиетін халық әдебиеті деп атаушылық, міне, осылай туған. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен келесі бір айырмашылығы ауыз әдебиеті шығармаларында варианттардың көп болуында.

Бір-біріне жалпы мазмұны, оқиға желісі, кейіпкерлерінің аттары ұқсас келетін шығармаларды бір шығарманың туынды түрі, яғни варианты десек, бұл ауыз әдебиетінде көп кездеседі. Мысалға «Қобыланды батыр» жырын алайық. қазіргі күнде бұл жырдың 28 варианты бар. Олардың жалпы мазмұны, оқиға желісі, басты кейіпкерлерінің есімдері бір-біріне ұқсас келеді. Бәрінде айтылатын басты әңгіме: қобыланды батырдың сыртқы және ішкі жауларға қарсы күресі, осы жолда оның жасаған ерліктері. Бұл оқиғалар жырдың варианттарында әр түрлі жырланады, ал ол варианттарда өзара үлкенді-кішілі айырмашылықтар болып отырады. Мұнымен қатар ауыз әдебиетінде (варианттардың көп болуын шығарманың ауызша шығарылып, халыққа ауызша айту арқылы тарауына байланысты деп білеміз. Мәселен, ертегінің өзінше ертегіні (немесе жыршы өзінше жырды) көпшіліктің жиналған жерінде айтады. Сол арада тындаушы көпшіліктің арасынан жаңағы ертегінің (немесе жырдың) мазмұнын, оқиғасын ұғып алушылар табылады. Енді олар сол ертегіні екінші бір жерде өзінше әңгімелейді, жаңалап айтады, алғашқы әңгімелерінің кей жерін қысқартып, кей жеріне тыңнан оқиға қосып ұлғайтады. Сөйтіп, ертегінің (немесе жырдың) екінші бір туынды түрі, варианты шығады. Ал жазба әдебиетте мұндай жағдай кездесе бермейді. әрбір жазушы (не ақын) шығармасын өз атынан жария-лайды, оны екінші бір автор иемденіп кетпейду қай шығарманы кімнің, қашан шығарғаны жұртқа белгілі болып отырады. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен тағы бір айырмашылығы бар. Ол: ауыз әдебиетінде қалыптасқан дағдылы сөздер мен сөйлемдердің, тұрақталған ұқсастық пен ұйқастардың жиі кездесетіндігінен көрінеді. Мысалы, ертегілердің көпшілігі:

Ерте ерте ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен
Қырғауыл жүні кызыл екен,
Күйрек жүні ұзын екен,-

деп немесе «Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты» деп басталады. Ертегілердің бұлай басталуы дәстүрге айналып кеткен. Көптеген ертегілердің басталуы осындай бір-біріне ұқсас келгенімен, одан әңгімеленетін оқиғалардың мазмұны, дамуы әр түрлі болады. Ал жазба әдебиетте шығарма мұндай қалыптасқан дағдыға айналған сөз тіркестерімен басталмайды. Әр жазушы шығармасын басқа авторға ұқсатпай өзінше бастап, өзінше аяқтайды) Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы айырмашылықты көрсететін келесі бір белгі деп ауыз әдебиетінде бірнеше өнердің бірлесіп келуін айтамыз (Мұны, яғни бірнеше өнердің бірлесе көрінуін, синкретизм деп атайды). Мәселен, жыршы ақын жырын көпшіліктің жиналған жерінде шығарған. Сонда ол домбыраның (гармонь немесе қобыздың) сүйемелдеуімен ән (күй) әуенін

келтіріп алып, жыр әңгімесін белгілі бір сарынмен айта берген. Міне, осы арада бірнеше өнердің бірлесіп келгенін көреміз. Атап айтқанда: ақындық өнер, ән (күй) әуені, көпшіліктің алдында (сахнада) жыр айтып отырған жыршы-ақын, жырды тыңдаушы қауым бар. Олар бірлесе келіп, жаңа бір ерлік жырдың тууына себепкер болып отырғанын байқаймыз. Бұл сияқты жағдай жазба әдебиетте кездеспейді. Ол тек ауыз әдебиетіне ғана тән ерекшелік деп қараймыз.

Түрік Республикасының ең ірі жазушылары: Нури Гюнтекин, Ака Гюндюз, Якуп Кадри Караосманоглу, Сафа, феминистка Халиде Эдиб Адывар, Махмут Йесари, Осман Джемаль Кайгылы, олар үшін әлеуметтік реализм, шындықты сыни тұрғыдан қабылдау, ұлттық уәждерді пайдалану және кейіпкерлердің психологизмі тән.

Ең жарқын ақын Назым Хикмет Ран болды, ол «дизе» поэтикалық формасынан кетті. Алайда көптеген ақындар «хедже» стилін ұстануды жалғастырды, оның ізбасарлары Ахмет Хамди Танпынар, Зия Осман Саба, Кемалеттин Каму, Ахмет Мухип Дыранас.

1940-шы жылдары реализм бағытын Джевдет Құдрет Солок, Тарық Бугра, Қоджагез, Джеват Шакир Қабаагачлы, Октай Ақбал, Халдун Танер дамытты.

1950-ші жылдардан бастап әдебиетке ауыл тақырыбы келеді. Бұл бағыттағы ең танымал туындылар: Махмұт Макала «Біздің ауыл» және Факир Байкурттың «Жылан кек». 1955 жылы Яшар Кемаль Чукуров аңғарының өмірі туралы «Арық Мемед» романының бірінші томын шығарды. Бұл бағытта Демир Озлю, Эдгю Фериті, Юсуф Атылган және Незихе Мерич жатады.

Сатириялық бағыт екі рет «Алтын пальма» әдеби марапатын және дүние жүзіне танымал болған Азиз Несиннің тұлғасындағы көрнекті өкіл болды. Музаффер Изгю мен Рифат Ылгаз, «Хабабам класы» комедиясының авторы, сондай-ақ осы жанрда танымал болды.

1960-1970-жылдары қоғамдағы елеулі өзгерістер салдарынан әлеуметтік-саяси тақырыптар аса өзекті болды. Сонымен қатар, жазушы Осман Аттила, Явуз Бюлент Бакилер, Фейзи Халыджи, Айхан Инал, Исмет Озель, Атаол Бехрамоглу, Хильми Явуз, Севги Сойсал, Четин Алтай, Адалет Ағаоглу, Тезер Көлю, Пынар Кюр, Селим Илери, Бекир Йылдыз, Томрис Уяр және Айла Құтлу жаңа әдеби формалар табуға тырысты. Тек 1980 жылы түрік қоғамының деполитизациясы Мұстафа Неджати Сепетчиоглу шығармаларында көрініс тапқан түрік және түркі тарихына деген қызығушылықтың пайда болуына әкелді. Түркияның ең танымал қазіргі жазушысы-Нобель сыйлығының иегері Орхан Памук. Басқа

жазушылар – Яшар Наби Наыр, Орхан Іли қанық, Оқтай Рифат, Джахит Кюлеби, Хюсеин Рахми Гюрпынар, Неджати Джумалы, Селим Илери.



ҰЙҒЫР ӘДЕБИЕТІ

Ұйғыр халқы көп ғасырлық тарихында аса бай, әр түрлі жанрлы болып келетін ауыз әдебиетін өмірге әкелді. Олардың ішінде, халықтық жырлар, ертегілер, аңыздар, күлдіргі әңгімелер, батырлық пен ғашықтық дастандар, мақал-мәтелдер т.б. бар.

Ұйғырдың ежелгі дәуірдегі эпикалық мұралары түркі тілдес басқа да халықтардың осы тектес әдеби шығармаларымен үндес, сарындас, кейде тіпті сюжеті жағынан ұқсас болып келеді.

Түрік қағанаты тұсындағы, Қарахан мемлекеті кезіндегі және Алтын Орда дәуіріндегі түркі әдебиет ескерткіштері – өзге де түркі тілдес халықтар сияқты ұйғыр әдебиетінің де қайнар-бастауы болып табылады.

Орталық Азиядағы көне түркі халықтарының бірі саналатын ұйғыр халқының өзіндік әдебиеті, жоғарғы мәдениеті, қадым замандардан басталатын тарихы бар екенін шығысты зерттеуші ғалымдар дәлелдеп, кезінде келелі еңбектер жазғаны мәлім.

Ұйғыр әдебиетінің негізгі бір бөлігі Қазақстанда дамып, кең өріс алған. Әйтсе де қазіргі Қытайдағы Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданында ұйғыр әдебиетінің ежелден қалыптасқан өзіндік көркем сөз дәстүрі бар.

Шыңжаң өлкесінде (бұрынғы Қашқарияда) XVII-XVIII ғасырларда бірқатар саяси, қоғамдық өзгерістер болды. Бұл кезде, әсіресе, түрлі саяси топтар арасындағы ел билігіне таласып, тақ үшін болған соғыстар көбейіп кетті. Бұл кезде Қашқардың әкімі Жолбарыс өз әкесі Абдулла ханды өлтіріп, Шығыс Түркістан тағына отырады. Алайда, көп ұзамай-ақ, 1671 жылы қарсыластары Жолбарыс ханның өзін өлтіріп, орнына Исмаил хан болды.

Исмаил дербес Қашқария (Шығыс Түркістан) мемлекетінің соңғы ханы болып, тәуелсіз мемлекетті басқарды. Кейінірек Ислам хан мен Аппақ қожа арасындағы күресті пайдаланып, бүкіл Шығыс Түркістанды жоңғар билеушісі Қалден жаулап алды.

Міне, XVII-XVIII ғасырлардағы ұйғыр әдебиетінде осындай саяси, әлеуметтік, тарихи оқиғалар өз көрінісін тапты. Мәселен, XVII ғасырда өмір сүрген Абду Шукур, Шаһ Махаммед сияқты шайырлар тарихи оқиғаларға құрылған шығармалар жазды.

Бұл кезде ұйғыр әдебиетінде өзге тілдерден тәржіма жасалған көркем туындылар көбейіп, нәзира дәстүрімен жыр жазу да кең өріс алды. Бұған Мұхаммед Рахым Қашқари, Мұхаммед Садық Еңихисарий сияқты сөз зергерлері мол үлес қосты.

Сөйтіп, XVII ғасырдағы ұйғыр әдебиетінің көрнекті өкілі Мұхаммед Имин Хирқати өзінің «Махаббат пен еңбек» атты атақты дастанын жазды. (1670). Ақынның айтуынша, махаббат пен еңбек екеуі бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Олар бірін-бірі жандандырып гүлдендіре түсуі тиіс.

Хирқати ақын өз дастанында Сәба (таң самалы), Бұлбұл, Гүл, т.б. символикалық бейнелер арқылы өз дәуірінің қоғамдық-саяси оқиғаларын меңзеп көрсетеді.

Ұйғыр әдебиетінің XVIII ғасырда едәуір дамуына Молла Хажиннің «Бограхан шежіресі», Ниязидің «Зәһиулла шежіресі», (1790) Қасимидің «Арслахан шежіресі» (1799) сияқты әдеби, әрі тарихи негізде жазылған шежіре шығармалар едәуір ықпал етті.

Әрбір халықтың тарихында, оның қоғамдық ой-пікірінің қалыптасуына ерекше рөл атқарған перзенттері болды.

Мұхаммед Садық Қашқари – ұйғыр халқының дәл осындай біртуар ұлдарының бірі. Ол ұйғыр әдебиетінде жаңа бағыт-бағдар әкелген он сегізден астам шығарма жазып, өзінен кейін мол мұра қалдырған. Олардың ішінде, бізге жеткен «Әзизхан шежіресі», «Әдептілік шарттары» сияқты тарихи-көркем, моральдық-пәлсапалық шығармалары мен ғазалдары идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік тұрғыдан да ұйғыр әдебиетіне жаңа леп әкелді, сүбелі үлес болып қосылды.

Садық Қашқаридің бұл аталған шығармаларында XVIII ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанда орын алған саяси, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар туралы айта отырып, тұтас бір ұлттың, яғни ұйғыр халқының тарихи тағдырын, дәлірек айтсақ, олардың тәуелсіздік жолындағы ерлік күресін зор шеберлікпен бейнелейді.

Ал, енді XIX ғасырдың бас кезінде Маньчжур-Қытай басқыншылары Шығыс Түркістан халқын қанауды бұрынғыдан да күшейтіп жіберді. Мұндай қатты қанау мен қорлыққа шыдамаған халық талай рет отаршыларға қарсы күреске шықты. Солардың бірі 1825-1827 жылдары Қашқарда бұрқ ете түскен ұлт-азаттық көтеріліс еді.

Міне, XIX ғасырдың Абдурешим Низарий, Турди Ғерибий, Норузахун Зияий, Назугум, Біләл Назым, Садыр Палуан, Молла Шакир, Сейітмұхаммед Қаший сияқты сөз зергерлері өз шығармаларында ұйғыр халқының тәуелсіздік, азаттық жолындағы жалынды күресін жырлады.

Ұйғыр әдебиеті тарихында ақын Абдурешим Низарий (1776-1849) ерекше орын алды. Оны ұйғыр халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті дәстүрлерін өзара жалғастырушы алтын көпір деуге болады.

Низарий 1841-1844 жылдары ұйғыр шайырлары Ғерибий және Зияийлермен бірлесе отырып, «Ғашық-наме» деген сериялы жинақтар шығарды. Оған он сегіз қисса, жиырма төрт хикаят енген еді. Бұлардың басым көпшілігі Низарий шығармалары болды.

Низарий өзінен бұрын түркі халықтарынан шыққан Низами, Науаи, Физули, Атап, Лутфи, Құтб сияқты ақындардың нәзира үлгісіндегі дәстүрін жалғастыра түсіп, «Фархат-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн» сюжеттеріне құрылған мүлдем жаңа, тың дастандар жазды.

Низарий өзінің «Мәһзун-Гүлниса», «Вамуқ-Узра», «Рәбиә-Сәбдин» дастандарын Әлішер Науаи «Хамсасының» әсерімен жазды. Бұл дастандарда адамгершілік, махаббат, гуманистік идеялар ту етіп көрсетілген.

Шығыстың классикалық поэзиясының нәзира дәстүрін өзіне үлгі еткен ұйғыр ақындарының бірі – Норузахун Зияий еді. Ақын шығыс хикаяларының сюжетіне құрылған «Қайырлы хабар», «Төрт дәруіш» сияқты гуманистік идеядағы романтикалық дастандарын жазды.

Ақынның махаббатты жыр еткен ғазалдары да аз емес.

Ұйғыр лирикасының дамуына өзіндік үлес қосқан ақын Турди Ғерибий еді. Ақын жырларының негізгі идеясы – өмірде болатын қайғы-қасіретке мойымау, налымау, оған қарсы төзімділікпен күресе білу. Ақын өзінің «Бәһрам шаһ», «Ғәрбтің кітабы» дастандарында зұлымдыққа, қан төгуге барынша қарсы болып, өмірді көкке көтере мадақтайды.

Турди Ғерибийдің «Баһрам шаһ» дастаны нәзира үлгісі бойынша Әлішер Науаидың «Сәбән Сәйяр» («Жеті планета») дастаны негізінде жазылған еді. Дастанда ойын-сауыққа беріліп, мемлекетті басқару ісін ұмытып кеткен Баһрам патшаға Диларам қыздың бейнесі қарама-қарсы қойылған. Ол ақылды, әдепті, ел қамын ойлайтын азамат ретінде бейнеленген.

Ұйғыр мақал-мәтелдерінен

«Мақұлға» жауап жоқ.
Диірмен бір айналғанша,
иесі мың айналыпты.
Алтыныңа сенгенше,
Ақылыңа сен.
Киіз байпаққа нәл қаққандай.
Үйдегі сөз базарға жарамайды.
Кісіде ақыл болмаса,

Көз дегенің құр әйнек.
Қатардан қалғанша,
Қатерден қал.

Бойы үйренген дозаққа
Басы сыймас жұмаққа.
Халық жаққан шырақты сөндірем дегеннің сақалы күйер.
Қатты ағашта жейтін жұмсақ құрт.

БІЛӘЛ НАЗЫМ **(1825-1900)**

Біләл Назым – XIX ғасырдағы ұйғыр әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Ол 1825 жылы Құлжа қаласында өмірге келді. Әкесі Жүсіп өз еңбегімен күнелткен етікші еді. Біләл 14 жасында анасынан, 20 жасында әкесінен айырылып, ағасы Жалалиддин екеуі жетім қалады. Ағайын-туыстары жетім қалған ағалы-інілі екеуіне зорлық-зомбылық көрсетеді. Сол үшін Біләл жас кезінде жазған өлеңдерінің бірінде:

Әкем де өліп кеткен,
Анам да өліп кеткен.
Жат емес, туысымнан
Қайғы һәм қасірет жеткен.
Жақыным жаққан оттан
Жан-дүнием жанып кеткен.
Әкем де тірі болса,
Анам да тірі болса,
Дертімді зарлап айтсам,
Запыран құсар едім – дейді.

Біләл Құлжа қаласындағы медресені бітіріп, араб, парсы тілдерін жетік біліп шығады, Шығыс классикалық поэзиясымен түпнұсқадан оқып танысады. Біләлдің есімі лирик ақын ретінде жас кезінде-ақ күллі Түркістанға мәшһүр болады.

Біләл Назым Бұхараға барып оқуын жалғастыруды, әрі Меккеге барып хажы болып қайтуды армандайды. Әйте де, кедейлік оған мүмкіндік бермейді. Ақынның «Пұл тапсам дейді Назым, Меккеге етем тағзым» деген жыр жолдары халық арасында мәтелге айналып кеткен.

Біләл Назым 1864 жылы Іле уәлиатында болған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, ағасы сонда қайтыс болған еді.

Петербург келісіміне сәйкес 1882 жылы Ресей әскері Іле уәлиятын Маньчжур-Қытай әкімдеріне тастап шығып кетті. Сол-ақ екен мұнда ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқандарды, озат ойлы азаматтарды, уақытында салық төлей алмаған кедейлерді қудалау, қамауға алу басталды.

Сол кезде Біләл Назым мыңдаған ұйғырлармен бірге туған елін тастап, Жаркент (Қазақстанға) қаласына қоныс аударуға мәжбүр болады. Біләл 1900 жылы осы қалада дүниеден өтті.

Біләл ақын ретінде көзге түсті. Ол 1851 жылы «Ғазалият» деп аталатын өлеңдер жинағын аяқтап, сол жылы оны өз қолымен көшіріп халық арасына таратады. Біләл ақын ұйғыр аруларының бейнесін жасауда, махаббат тақырыбын жырлауда ұйғыр поэзиясына жаңа леп, тың тыныс, терең мазмұн, көркем форма әкелді деуге болады.

Біләл ақын 1876 жылы Құлжа қаласында тұрған кезінде өзінің «қытай мемлекетіндегі қозғалыс» («Ғазат дәр мулки Чин») атты тарихи дастанын жазып бітірді. Сонда барған орыстың шығыс зерттеушісі Н.Н.Пантусов (1849-1909) бұл дастанды Біләлдің өз қолынан алып, Қазан, Петербург баспаларына көп таралыммен бастырып шығарды.

Біләл Назымның «Қытай мемлекетіндегі қозғалыс» атты дастаны тарихи еңбек ретінде де, көркем шығарма ретінде де мейлінше жоғары бағаланады. Мұнда XIX ғасырдың екінші жартысында ұйғырлардың Маньчжур-Қытай отаршыларына қарсы көтерілісі тарихи негізде, көркем сөзбен хикая ретінде берілген.



ӘЗІРБАЙЖАН ӘДЕБИЕТІ

Әзірбайжан тілі түркі тілдерінің оғыз тобына жатады. Оғыз тілі аймақта XI-XII ғасырлардан бастап Орта Азиядан түркі тілдес тайпалардың келуімен пайда болды. Иранда пайда болғаннан кейін екі жүз жыл бойы оғыздар тек ауызша әдебиетке ие болды. Кейінірек әзірбайжан халқының құрамына кірген оғыз тайпаларының эпикалық ескерткіші Орта Азияда пайда болған Қорқыт атасының батырлық эпосы болып табылады, бірақ шамамен Әзірбайжан аумағында қалыптасты, онда оғыздар жинақы өмір сүрді. IX ғасырдан бастап қалыптасқан эпостың жалпы қабылданған мәтіні тек XV ғасырда ғана жасалды.

Әзірбайжан әдеби тілі негізінен оғыз және қыпшақ тайпалық тілдері негізінде дамыды, алайда араб және парсы тілдері үлкен әсер етті. Әзірбайжандық әдеби тілдің араб-парсы лексикасымен қанығуы оны халық аузынан берді. XIII ғасырдың моңғол шапқыншылықтарымен Бірге өткен кезеңде басталған Әзірбайжанды түркі тілімен байланыстыру процесі күшейе түсуде; XV ғасырдың соңына қарай ол түркі тобының өз тілімен әзірбайжан халқының пайда болуына алып келді. Жазбаша, классикалық Әзірбайжан әдебиеті моңғол шапқыншылығынан кейін басталып, Сефевид әулеті Иранда өзінің үстемдігін орнатқаннан кейін XVI ғасырда дами бастады. Әзірбайжан әдебиеті парсы әдебиетінің күшті ықпалымен дамыды және Әзірбайжан-түркі тілінде жазған авторлар әдетте екі тілде болды.

Әзірбайжан әдебиетінің тарихы XIII ғасырдан басталады. Әзірбайжандық жазба әдебиет XIV-XV ғасырларда пайда болды. «Ираника» энциклопедиясы алғашқы әзірбайжан ақыны Иззеддин Гасаноглу (XIII-XIV ғғ.) және Насими (XIV-XV ғғ.) деп атайды.

XIV-XVIII ғасырлар әдебиеті. Түркі-әзірбайжан тіліндегі әдебиет (әзірбайжан тілінің атауы әлі пайдаланылмады), ол әлі де жалпы түрік сипатында болған, XIV-XV ғасырларда қалыптасты. XIII-XIV ғғ. аралығында Хорасанда өмір сүрген Гасаноглы Иззеддин түркі тілінде өлең жазған алғашқы ақын болды. Гасаноглы Әзірбайжан түріктерінің әдебиетінің негізін қалаушы болып саналады. Түрік-әзірбайжан тіліндегі ең ерте мәтіндер ескі-Осман әдебиетінің бөлігі болып саналады.

Әзірбайжандық поэзияны дамытуда XIV-XV ғасырларда өмір сүрген, әзірбайжандық жазба поэзияның дәстүрінің негізін қалаушы, түркі ақыны деп саналатын Имадеддин Насими ерекше рөл атқарды. Біз Сирия Алеппо қаласында азап шеккен өлімді қабылдадық. Оның замандасы Бурханеддин Гази Ахмед Шығыс Анатолий болды. Юсиф Маддах «Варга және Гюльша»

түрік эпикалық поэмасын жазды. Хагиги лақап атпен әзірбайжандық лирикалық поэмаларды қара-Коюнлу Джаханшах мемлекетінің Сұлтан, сондай-ақ Ақ Ақ-Коюнлу Сұлтан Ягуб мемлекетінің билеушісіне арнап жазды. Сондай-ақ, Сұлтан Ягубқа Хатаи Тебризидің «Юсуф ва Зулейха» поэмасы арналады.

Әзірбайжан аумағында тұратын авторлардың арасында «Дахнаме» («Он хат») поэмасының авторы, Хатаи ақындық бүркеншік атпен жазған Шах Исмаилдың сефевидтер әулетінің негізін қалаушы. Оның ауласында Хабиби «Ақындар патшасы» деп аталады.

Сол кезеңде Иракта Азербайжан, парсы және араб тілдерінде бірдей талғампаз жазылған көрнекті Әзірбайжан және Түрік-Осман ақыны Физули өмір сүрді және жасады.



Исмаиль I

XIX ғасырда Әзірбайжанның аумағы Ресей империясының құрамына кірді, бұл жергілікті халықты парсы дәстүрінен үзіп, оны орыс-еуропалық, ұлттық және реалистік-зайырлы сарындарға алып келді. Осы кезеңде Ғасым-бек Зәкір(1784-1857), Сеид Абульгасем Невати, Сеид Азим Ширвани, Хуршидбану Натаван, Аббасғұлу Ага Бакиханов, Мирза Шафи Вазех, Исмаил-бек Гуткашынлы, Жалил Мамедкулизаде жасаған. Осы кезеңде Молла Панах Вагифтің шығармаларының ықпалымен өскен сыншыл-реалистік сатира өкілі Ғасым-бек Закир Карабах әдеби ортада поэтикалық даму бағытын анықтайды. Бірқатар прозалық шығармалардың авторы Сұлтан Меджид Ганизаде болды. Ол «Ұстаз мақтанышы», «Невест Ожерелье», «Алла Диваны», «Гурбан байрамы» және т.б. публицистикалық әңгімеге жатады. Кейбір прозалық туындылар жазушы Магомед Таги Сидганың қаламына тиесілі.



Мирза Фатали Ахундов

Орта ғасырда Әзірбайжан әдебиетінде жаңа жанр драматургия пайда болады, оның негізін қалаушы Мирза Фатали Ахундов. 1850-1857 жылдар аралығында оларға 6 комедия және бір повесть құрылады, онда XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Әзірбайжанның өмірі шынайы көрініс тапты. Ахундов әдеби сынның негізін қалады. Мирза Фатали Ахундов көмектесті осындай просветителям-реалистам ретінде Сеид Азим Ширвани , Наджаф Бек

Везиров және Абдуррагим бек Хагвердиев. Нажаф-бек Везиров 1896 жылы «Горе Фахреддин» атты алғашқы әзірбайжан трагедиясын құрды. Иран Әзірбайжанда ақын Сеид Абдульгасем Набати мен ақын Хейран-Ханум жасайды. 1875-1877 жылдары басылып шыққан ғалым Гасан-бек Зардаби «Экинчи» газеті (Сеятель) Әзірбайжандағы әдеби-мәдени дамуға алып келді.

Әзірбайжанның Оңтүстік Дағыстанмен тарихи-мәдени қарым-қатынасы Әзірбайжан әдебиетін дағыстандық авторлардың шығармашылығымен байытуға ықпал етті. Осылайша, лезгин жазба әдебиетінің негізін қалаушы етім Эмин де өз ана тілінен басқа әзірбайжан тілінде жазған. Лезгин Жарық жазба әдебиетінің ең көрнекті өкілі ақын және ғалым Гасан Алкадари өз шығармаларын лезгин және әзірбайжан тілдерінде жазды. 1892 жылы әзірбайжан тілінде ол «Асари-Дағыстан» кітабын жазды, ол Дағыстанның тарихы бойынша шығыс жазба мәліметтерінің жиынтығы болып сансыз түсіндірмелер, ескертулер және Алкадаридің өзі өлең жазбалары бар. XX ғасырдың басында жасаған дербес ашуг горский еврей Шаул Сименду, сондай-ақ әзірбайжан тілінде Иврит әріптерімен жазды. Сол кезеңдегі Әзірбайжан әдебиетінде ашуг поэзиясы да үлкен орын алды. Ең танымал ашуги Алескер, Наджафкули, Гусейн Бозалганлы және т.б. болды.

XIX ғасырдың соңында Жалил Мамедкулизаде мен Нариман Нариманов өзінің әдеби қызметін бастайды. Нариманов Әзірбайжанда бірінші Халық кітапханасы-оқу орнын ұйымдастырды, бірқатар көркем шығармалар жазды. XIX ғасырдың әдебиетіндегі өзгерістер ел тарихында үлкен із қалдырған XX ғасырдың әдебиетіне көшу үшін маңызды рөл атқарды.



Аббас Саххат

XX ғасырдың тоғысында Әзірбайжанда Жалил Мамедкулизад пен Нариман Нариманов әдебиетті дамуды тоқтатпады. Осы кезеңде Джалил Мамедкулизаде «Өлі» (1909), «Менің анамның кітабы» (1918) пьесалары, «Пошта жәшігі» (1903), «Уста Зейнал» (1906), «Ирандағы Конституция» (1906), «Құрбанали-бек» (1907) пьесалары жазылды. Сондай-ақ, ол өз шығармаларында Азербайжан әдебиетіндегі прогрессивті романтизмнің негізін қалаушы Мұхаммед Хади, сондай-ақ Гусейн Джавид пен Аббас Сиххат өнер көрсетеді. Үлкен мәдени оқиға Аббас Сиххаттың «Западное солнце» (1912) кітабының екі бөліктен

тұратын басылымы болды. Өз шығармаларында Сиххат пен Абдулла Шаиг ағартушылық, Білім беру, тәрбиелеу және адамгершілік мәселелерін алға тартты. Ақын Мирза Алекпер Сабир Шығыста ақындық мектеп – Сабиров әдеби мектебінің негізін салды. Осы мектептің жарқын өкілдері Мирза Али Моджуз, Назми, Алигулу Гамкюсар, Б. Аббасзаде сияқты ақындар болды. Азербайджан тілінде ең ірі лезгин ақыны Сулейман Стальский («Мулле», «Кавказ», «Колхоз» және т.б.) өлеңдерін шығарды. Өзірбайжанда Хазарчи Гаджиев пен Жамисаб Саларов рутуль ақындары, сондай-ақ грузин ақыны Иетим Гурджи жазған.

Өзірбайжан әдебиетіндегі алғашқы әйел-драматург Сакина Ахундзад болды. Өзірбайжан әдебиеті үшін Нариман Наримановтың драматургиялық шығармалары үлкен маңызға ие болды. Наримановтың басты шығармалары: «Бахадур мен Сона», «Пир», «Надир-шах» және «Шамдан-бек». Бірқатар драматургиялық шығармалардың авторы ірі педагог Рашид-бек Эфендиев болды. Өзірбайжанда Кеңес өкіметінің орнауы қазақ мұғалімдер семинариясының директоры, «Өзірбайжан татарлары әдебиеті» брошюрасының авторы (Тифлис, 1903) Фиридун бек Кочарлинскийдің Гянджин түрмесінде атылды. Кейіннен қуғын-сүргін құрбандары әзербайжан әдебиетіндегі прогрессивті романтизмнің негізін қалаушы және драматург Гусейн Джавид, ақын Микаил Мушфиг, прозашы және әдеби сыншы Сеид Гусейн, Өзірбайжан әнұранының авторы және ақыны Ахмед Джавад, жазушы және ғалым Юсиф Везир Чеменземинли және басқалар.



Микаил Мушфиг

Гусейн Джавид-Өзірбайжан романтизмінің маңызды өкілдерінің бірі. «Ана», «Шейх Санан» және «Демон», «Пайғамбар» пьесалары (1922), «Хромой Тимур» (1925), «Князь» (1929), «Сиявуш» (1933), «Хаййам» (1935) және «Азер» (1923-1932) поэмасы және т.б. басқа ақын – Самед Вургунның қысқа әрі ұстамды стилі өзірбайжан поэзиясының қазіргі заманғы стилі мен тілінің қалыптасуына ықпал етті. Оны Архаизмнен тазартуға ықпал етті. Ол «Вагиф» өлеңдерінде батырлық-романтикалық драма (1937), «Ханлар» өлеңдеріндегі тарихи драма (1939), «Фархад и Ширин» өлеңдеріндегі махаббат-батырлық драма (1941), сондай-ақ басқа да көптеген шығармалар жазды. Жазушы Мехти Гусейн 1942 жылы алғашқы Өзірбайжан Тарихи повесін – «Комиссар» құрады. Осы кезеңде Осман Сарывелли, Расул Рза, Тарихи романист Мамед Саид

Ордубади, драматургі Сулейман Сани Ахундов, Мирза Ибрагимов, Самед Вургун, Сәбит Рахман, Энвер Мамедханлы, Илияс Эфендиев, Шихали Гурбанов жұмыс істеді. Балаш Азероглу, Медина Гюльгюн, Сохраб Тахир және Окум Биллури ақындары ирандық Азербайджаннан Солтүстік Азербайджанға көшіп, өз шығармашылығымен Әзірбайжан әдебиетін байытады.

1927 жылдың маусым айында пролетар жазушыларының Әзірбайжан қауымдастығы құрылды, 1932 жылы жойылды. Сол жылы Әзірбайжан Жазушылар одағы құрылды. Драмалық шығармаларында Ибрагимов өзін өткір өмірлік жанжалдардың, жарқын, реалистік сипаттағы, жанды диалогтың шебері ретінде көрсетті. Ұлттық драматургияның үздік дәстүрлерінің негізінде жазылған оның пьесалары Әзірбайжан кеңес әдебиетін дамыту үшін үлкен маңызға ие болды. Оның ең жарқын шығармалары – «Хаят» драмасы, ауылды қайта құру туралы баяндайтын және испан халқының фашизмге қарсы батырлық күресі туралы баяндайтын «Мадрид» драмасы, сондай-ақ «Махаббат» пьесасы (пост. 1942) – Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы халықтың еңбегі туралы, Нариман Наримановтың өмірі мен қызметіне арналған «Пэр-ванэ» роман-эпопеясы және басқалар. «Оңтүстік әңгімелер» циклінде, «Күн келеді» романында оғ Ирандағы ұлт-азаттық қозғалыстың эпизодтарын көрсетті.

Басқа да әдеби жанрлар да белсенді түрде дами бастады. Әзірбайжан әдебиетіндегі детективтік жанрдың негізін қалаушы Джамшид Әміров болды. ХХ ғасырдың соңында белгілі ақын Бахтияр Вагабзаде 70-тен астам өлеңдер жинағын және 20 поэмасын жазған. Оның поэмасының бірі «Гюлистан» Ресей мен Иран арасында бөлінген Әзірбайжан халқына және оның бірігуге деген ұмтылысына арналды.

1960-жылдардың басында КСРО-да құрылыстың әлсіреуі басталады, бұл өз шығармаларында құрылысты сынайтын жас таланттардың пайда болуына қызмет етеді. Олар: Мамед Араз, Сабир Рустамханлы, Юсиф Самедоглу, Иса Меликзаде, Алекпер Салахзаде, Фарман Керимзаде, Магсуд Ибрагимбеков, Иса Гусейнов, Рустам Ибрагимбеков, Мевлуд Сүлейменлы. Бұл қозғалыстың мақсаты әділдік, тәуелсіздік, сөз бостандығы, саяси ойлау еркіндігі сияқты нәрселер болды.

Иран-әзірбайжан әдебиеті. Каджардың орнына келген Пехлеви әулеті Әзірбайжан тілін білім, баспасөз және іс жүргізуде қолдануға тыйым салды. Алайда, парсы тілінен басқа, көптеген әзірбайжандар өз тілінде шығармаларды жазуды жалғастырды. Олардың арасында ақын Мухаммад Хусейн Шахрияр, Самед Бехранги, Бехзад Бехзади және басқалар болды. Ақын Сабирдің күшті әсерімен ХХ ғасырдың басында
